

# ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№251(956)1954 жылғы 19 декабрь Жексенбі Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

## Зоотехник және мал дәрігері

Мал шаруашылығын шұғыл өркендету, демек маддың санын көбейтіп, оның өнімділігін еселеп арттыру—партия мен үкіметіміздің ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдына қойып отырған бүгін таңдағы кезек күттірмейтін, ең негізгі міндеттердің бірінен саналады. Сондықтан бұл міндетті жаңа талапқа сай, мінсіз жүзеге асырылуы үшін жергілікті партия, совет ұйымдары мал шаруашылығына үзілгіз, нақтылы басшылық жасап отыруға міндетті. Олар сонымен қатар мал шаруашылығында жұмыс істеп жүрген адамдардың іскерлік қабілеттерін жауапкершілік сезімдерін оған сайын арттыра беруге, олардың мәдени және материалдық жағынан толық жабықталуына қажеттілік жасап отыруға тиіс.

Көзір облысымыздың қолхоздары мен совхоздары мал қыстатудың жауапты кезеңіне кірісті. Бұл кезеңді ойлағандай өткізудің мал шаруашылығын жан-жақты өркендетуде шешуші маңызы бар. Малдың шығынсыз өсірілуі, оның өнімділігінің артуы тек жазғы маусымдардағы жұмыстарға ғана байланысты емес, сонымен бірге бұл, әсіресе қысқы маусымдағы жұмыстарға, атап айтқанда, барлық түлкінің жайлы қорғау, құнарлы азықпен қамтамасыз етілуіне, оның зоотехникалық мәліметтерілік ережелер бойынша дұрыс бағылып жүтуіне, кезінде азықтандырылуына байланысты.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде, мал қыстатуды үлгілі ұйымдастыруда зоотехниктер мен мал дәрігерлер зор роль атқаратын. Зоотехниктер мен мал дәрігерлері еліміздегі мал шаруашылығы озаттарының тәжірибелерін, советтік ғылымның табыстарын өздері жұмыс істейтін қолхоздардағы, совхоздардағы, фермалардағы мал өсірушілер арасында кеңінен насихаттап және оны өндіріске батыл енгіздеу қолхозшыларға, МТС, совхоз жұмысшыларына үнемі көмектесіп отыруға тиіс.

Облысымызда өздерінің бұл құрметті борыштарын, абырой міндеттерін жете түсінді, мал шаруашылығын өркендету сияқты аса маңызды міндетке шелегі үлес қосып жүрген мамандар аз емес. Мәселен Полудень ауданы, Буденный атындағы қолхозды қамтығын Ново-Георгиев МТС-нің зоотехнигі Чесняков жолдас атадан қолхоздың мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру ісіне зор көмек көрсетіп келеді. Ол фермаларда еңбекті дұрыс ұйымдастыруын,

Жағдай, әсіресе Сталин атындағы, «Индустрия» қолхоздарында осындай. Солай бола тұра да, бұл қолхоздарда мал азығын жәрдемдіріп беру ұйымдастырылмаған. Сабаянды бірқатары қар астында қалған. Ірі сабақты азықты туралы, буландырып беру үшін пайдаланылатын құралдар іске қосылмаған. Тіпті кейбір қолхоздарда мал азығын үнемдеу, мал берілетін азық нормасын кеміту есебіне жүргізілетін болған. Осындай төзгісіз фактілердің орын алуынан оларда малдың қоңы төмендеп, шығыны бола бастаған.

Вильямс атындағы МТС-тің зоотехнигі Мамаев, аға мал дәрігері Поменко жолдасар жоғарыда айтылған фактілерді жақсы біледі. Бірақ бұл өкеуі де қолхоздарда сирек болады. Мал шаруашылығын өркендету, мал қыстатуда басшылық ету жөнінде өздерінің марымды ештеңе істемей отырғандығына қызықпайды. Бұлар тек шығын болған малдың, орнысыз жұмсалған немесе қар астында қалған азықтың есебін алумен, оны ақпарат жазып, жоғарғы орындарға мәліметпен барып істі бітіріп келеді. Әрине, шеңберде отырып, қағазбастылыққа салынған мұндай мамандардан қолхозшыларға, мал өсірушілерге айтарлықтай көмек болады деп айта алмаймыз.

Петропавл ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» қолхозын Асанов МТС-нің зоотехнигі Астасев жолдас қамтыды. Ол фермаларда жиі болып тұрады. Бірақ, не аянда, Астасев жолдас малға азықтың қалай беріліп жатқандығына, фермаларда зоотехникалық-мал дәрігерлік ережелердің қалай жүзеге асырылып отырығандығына көңіл бөлмейді. Сыйыр қоралары, әсіресе бойдақ мал тұратын қоралар мал қыйынан кезінде тазартылмайды. Мал азығы дұрыс берілмегендіктен аяқ астына басылып жатады. Қоралардың жеңілдеу сапасы нашар. Төл үйлері жөндеуі бітпеген тазартылмаған. Астасев жолдас осының барлығын көре біле тұрып, жұмған аузын ашпай жүре береді.

Көзір мал қыстатудың жауапты кезеңі басталды дедік. Олай болса зоотехниктер мен мал дәрігерлері өздері қамтытып фермаларда ұйымдастырушы болуға тиіс. Олар фермаларда еңбекті дұрыс ұйымдастырылуын, еңбек тәртібінің берік сақталуын, зоотехникалық - мал дәрігерлік ережелердің мінсіз жүзеге асырылуын, әрбір түлкінің жасына, қондылығына

Совет жазушыларының Бүкілодақтық ІІ съезі 16 декабрьде өзінің жұмысын оған әрі жүргізді.

Съезд одақтар үйінің колонналы залында өтіп жатыр. Павло Тычинаның председателдік етуімен өткен таңертеңгі мәжілісте Борис Полевой «Балалар мен жасөспірімдерге арналған советтік әдебиет» деген баяндама жасады.

Советтік балалар әдебиетінің көптеген даңқты дәстүрлері бар, деді баяндамашы. —Біздің ұлттық мақтанышымыз болып отырған барлық суреткерлер бұл әдебиетке өзінің үлесін қосты. Балалар әдебиеті туралы, оның көзіргі жайы туралы айтқанда, бұл әдебиетті оған әрі дамыту жолдарын ойластырғанда, біз ең қажетті және маңызды ісіміз туралы—коммунизм құрылысымыздың жаңа ұрпақтарын тәрбиелеу туралы, Отанымыздың болашағы туралы айтып, осылар туралы ойлап отырмыз.

Жазушылардың екі съезі аралығындағы 20 жылдың ішінде балалар мен жасөспірімдерге арналған советтік әдебиет өсіп, нығайып, көркейді. Баяндамашы өзгеріп балалар әдебиетінің табыстарын іпаттайтын цифрлар келтірді. Егер, мысалы, совет жазушыларының бірінші съезі күндерінде балалар әдебиетінде неары бірнеше әдебиетшілер ғана үнемі құмыс істеп келген болса, соңғы 20 жылдың ішінде 1500 автор жазушылар ақындар, драматургтер, ғалымдар, педагогтер, саяхатшылар, таңдаулы және көпті көрген адамдар балаларға арналған кітаптар жазды.

Бұл авторлардың бәрінің жаппай күш салуымен жалпы тиражы 911 миллионға жеткен 20600 кітаптар басылды. Жас оқушылар, әсіресе Николай Островскийдің, Валентин Катаевтің, Аркадий Гайдардың, Александр Фадеевтің, Вениамин Кавериннің және басқа көптеген жазушылардың, соның ішінде туысқан совет республикалары әдебиеттерінің көптеген өкілдерінің шығармаларын ерекше сүйсініп оқуда. Бостандық жолындағы жалынды күрескер Чапаев сияқты, қажымас қайратты жас коммунист, даңқты жауынгер және ұлы еңбекші Павел Корчагин сияқты, қызыл және алғыр мектеп оқушысы, Отанымыз үшін ауыр күндері халықтың көңіл алушы ер жүрек Тая болып қыймыл жасаған Зоя Космодемьянская сияқты, жас гвардияшылардың даңқты ұрпағы сияқты тартымды, елқияретін ерекше сипатты адамдар балалар мен жасөспірімдердің ең сүйікті кейіпкерлеріне айналды. Бұл авторлардың кітаптарына миллиондаған оқушылар қызу үн қосты. Иткені осының біздің шың міндетіміз: кейіпкерінің белгілерін өз бойына жыйнақтаушы, тиісті жағдайдағы типті сипатты көрсетіп отыратын адамдарды жазушылар дұрыс бейнелеп берді.

Сонымен бірге Гомер, Сервантес, Дефо, Христиан Андерсен, Де Костер және дүние жүзілік әдебиеттің басқа да көптеген классиктері шығармаларының кейіпкерлері жас оқушылардың ең сүйікті кейіпкерлері болып табылады. Балаларға арналған көзіргі заманғы, классикалық, аударма кітаптардың кейіпкерлерін жақындастырып отырған ортақ белгі бұл кейіпкерлердің Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілігі, басқа елдердің халықтарына туысқандық сезіммен қарауы, барлық

жарқын шығармалармен қатар, оқушылар талаптарының көзіргі дәрежесіне сай келмейтін кітаптар да аз емес. Бұған, мысалы, И. Василевскийның «Чеховтың партасы», И. Диктің «Біздің класта», А. Котовскийаның «Олар пионер болды» дейтін кітаптары және басқа шығармалар жатады. Бұл жазушылардың сәтсіздікке ұшыраған себебі сол, олар өмірге сүйенбей, схемаға сүйенді. Қандай да болса талантты күші,—деді баяндамашы,—тек өмірді жақсы білуде, өмірді байқап білуде, ондағы жаңаны, типтілікті көре білуде. Ғылыми-көркемдік, оқылғалық және ғылыми-фантастикалық әдебиет кітаптарын шығаруға көбірек көңіл бөлу қажет, мұндай әдебиет кітаптарын жасау үшін халқымыздың творчестволық өмірі өте көптеген, аса бай сюжеттер беріп отыр.

Совет ақындары балалар үшін көптеген жақсы өлеңдер жазды. Мысалы, С. Маршактың шығармалары көзірдің өзінде 661 рет, К. Чуковскийдің шығармалары—450 рет басылып отыр, Агния Бартоның кітаптары 435 рет басылып шықты. Жас оқушылар С. Михалковтың, Е. Благининаның, Н. Забианың, Е. Трутневаның және басқа көптеген ақындардың өлеңдерін жақсы көреді. Балалар үшін жазатын ақындар, сондай-ақ прозашылар деп атап көрсетті баяндамашы, өзінің образын, өзінің тақырыбын тынбастан іздестіруге, социалистік өмір шындығының сәулетті образдарын балалар алдында көрсетіп беруге тиіс.

Балалар ертертеді мейлінше сүйсініп оқиды. Таңдаулы ертегішілер өздерінің терең мағналы поэтикалық және гуманистік шығармаларын арқашан да нақты негізде қурып, ертегі сюжеттерін өмірдің өзінен іздестірді. Фантастиканың қандай болса да арқашан да өз заманының тұрғысынан ойластырып, баяндап берді. Баяндамашы дүние жүзінде тұңғыш рет өнеркәсіп жұмысшысы еңбегінің даңқын ертегі арқылы арттырған Павел Бажовтың, Алексей Толстойдың, Дмитрий Нагишкиннің, Корней Чуковскийдің творчествосын сыпаттады. Әрбір ертегі жанрдың ескіні жеңетінін міндетті түрде орнықтырып беруге, халық кеңестерінің тапқырлығының даңқын атап көрсетуге, алдыңғы қатарлы адамдардың қиялдары мен ойларын поэтикалық образдар арқылы бейнелеп беруге тиіс.

Балалар әдебиетінің артта қалып отырған участоктерінің бірі сын. Біз балалар әдебиетіміздің барлық байлықтарының әлі де толығымен ашық көрсетілмей, бағаланбай отырғанына, балалар жазушыларының өз мен-өзі оқып отырғанына, ал көптеген аға жазушылардың балалар әдебиетін білмей, оны қайдағы бір ескіні дәрежелі іс деп әлі де санай отырғанына,—деді Борис Полевой,—және өмісе совет әдебиет зерттеушілері көңөлі.

Баяндамашы балалар әдебиетінің ең үлкен және маңызды тақырыптарының бірі бүкіл совет елін қамтып отырған ұлы еңбек творчествосының тақырыбы деп санады. Жас оқушыларға фабрикалар мен қолхоздардағы еңбектің даңқын арттыруын станокта, комбайнда, забойда жұмыс істеуді баланың жас шағынан бастап сапалына құя алатын поэтикалық, романтикалық кітаптар, еңбек адамдарының елік ететін және алуан түрлі творчествосының ізгі мақсатты мәнін жалынды және

—Бірінші съезден бергі 20 жылдың ішінде,—деді ол,—біздің қатарымыз жаңа творчестволық күштермен едәуір толықты.

Совет поэзиясы—барынша жең мағнада партиялық поэзия, Лениндік партиялық принципін совет поэзиясының негізі болып табылады, біз оны мақтаныш етеміз.

Лениндік эстетика, әдебиетіміздің партиялық принциптерін орнықтыра отырып, сонымен бірге суреткерлік ойдың адамзат тарихында болып көрмеген демократизмін орнықтырды, өздігінен творчество жасау үшін, суреткерлік творчествоның белсенділігі үшін стильдер мен ағымдардың, жеке қабілеттер мен бейімділіктің шексіз алуан түрлерін жасау үшін кең мүмкіндіктер ашып берді.

Поэзиямыздың қалыптаса бастаған жылдарында буржуазиялық ағымдардың сарқыншақтарына және ұсақ буржуазиялық ағымдардың көріністеріне қарсы жетекшілік күресінде туған көптеген қыйыншылықтар мен келерілері оның жеңуіне тура келді. Ұзақ жылдарға созылған және күрделі бұл күресте партиялық жаңа поэзия, патриоттық және азаматтық поэзия жеңіп шықты. Халқымыз үшін елеулі сын болған, оның барлық күштерін сынаған Ұлы Отан соғысы жылдарында совет поэзиясының ізгі жақсы сапалары барлық күшімен айқын көрінді.

Біз, екінші съезге жыйналған туысқан республикаларың ақындары,—деді Самед Вургун,—орыстың классикалық және көзіргі заманғы поэзиясының тарихи ұлы миссиясын шексіз алғыс айтып сөзімізмен атап көрсетеміз. Бұл поэзия біздің ұлт әдебиеттерімізді жаңа сатыға көтеріп, өзінің реалистік және революциялық дәстүрлерімен біздің көркемдік творчествомызды байытты. Біздің бәріміз, туысқан республикалардың ақындары, В. Маяковскийті өзіміздің ортақ досымыз және ұстазымыз деп санаймыз.

Совет ақындары бүкіл дүние жүзінің халықтары арасындағы достықты, пролетарлық интернационализмнің аса қуатты күшін жырлауда, олар елімізде және бүкіл дүние жүзінде істеп жатқан жеңіс және сәулетті істердің бәрін күншіпшен құттықтауда. Одақтық, прогрестік үшін, ескіге, өршіп бара жатқанға қарсы күресте жаңаны, коммунистік істі орнықтыру үшін күресу совет поэзиясының басты, өмірлік тақырыбы міне осындай, деді Самед Вургун бұдан кейін.

Шешен Асеев, Вагрицкий, Тихонов, Антокольский, Инбер, Берггольц және басқа совет ақындары жаңа эстетикалық поэзияның аса көрнекті шығармаларына талдау жасады.

Соғыстан кейінгі дәуірде бірқатар поэмалар жарияланып, бұларда халық баты кейіпкер етіп көрсетілді. Бұлар А. Прокопьевтің «Россия» дейтін тамаша поэмасы, Қазақ ақыны Таир Жароковтың «Тасқын» дейтін поэмасы, мұнда автор жас совет инженерінің образын жасап берді. Берді Кербабаевтың «Түркімен поэмасы», М. Алигердің «Әдемі қызы», М. Миршаурдың «Алтын қыстақ» дейтін поэмалары және басқа бірқатар поэмалар. Мұнымен бірге, кейбір поэмаларда, әсіресе соғыстан кейінгі жылдары жазылған поэмаларда, лирикалық басталуының шектелмеген ұзақтығы өмірде

мұнда алдыңғы қатарлы колхозшы өйелдің образы көз жеткізе айқын бейнеленген, дегенмен де бұл поэма шұбалаңды және тек суреттеу тұрғында жазылған.

—Біздің лирикалық поэзиямыз күшті және алуан салалы поэзия,—деді баяндамашы.—Совет лирикасына ешқандай бөгет және кедергі қойылып отырған жоқ. Ол совет адамы ынталанып отырған барлық істерге үн қосуда. Соның өзінде лирикалық өлеңнің табысты болуын оның тақырыбы ғана шешіп отырған жоқ. Ақындар ежелден бері ынталанып келген тақырыптарды жаңаша түсіндіре отырып, совет ақындары халықтардың бақыты туралы да, ғашықтардың бақыты туралы да, Отанға деген сүйіспеншілік пен анадың сүйіспеншілігі туралы да, миллиондардың творчествосы мен суреткерлердің өзінің творчестволық ізденулері туралы да жазыған. Мұнымен қатар тіпті тағу да ғана совет лирикасының диалогтық жаңа тарихы басталды. Біздің лирикамызда кейде мәжүмсіз мәнерлеу, құрғақ баяндау, ойдан шығарып бейнелеу белгілері сезіліп тұр.

Самед Вургун совет поэзиясының жас түштерінің өскені туралы айтып, жазушылар оларын жас ұрпақты тәрбиелеу ісін батыл, Горькийше қолға алуға шақырды. Ол «Жас жазушыларды» менендік пен төкмелілеушілікпен сақталдыры.

Самед Вургун сонымен қатар сатиралық поэзияны дамыту проблемаларына көңіл бөлді. Бұл поэзия поэтикалық шығармаларда маңызды орын алуға тиіс.

Біздің сатиралық поэзиямыздың жайы, деді ол, түгес алғанда бізді қанағаттандырмай отыр. Күнбе-күнгі тақырыпқа жазылған көптеген сатиралық шығармалар кейде өлең ырғағына келтірілген таяу хабарларына ұқсайды. Сатираның өрісі тар болып отырғаны айқын. Мысалы В. Маяковский мен Н. Слободскийдің «Менсіз» дейтін өлеңдер тізілін алайық. Мұның өзіндей жақынды жарияланғанымен, көзірдің өзінде-ақ өскірін қалған сияқты, мұның себебі неде? Мұның себебі мынада. Ақындар бір тиісті өсуге ұмтылмай, өз шығармасын жазуда мейлінше тыңдықты жұмыс істемеген. Тіпті Михалковтың соңғы уақыттағы кейбір сатиралық шығармаларында да асықтық бар екені байқалады. Поэтикалық шеберлікті арттыру міндеттері туралы айта келіп, Самед Вургун кейбір сыншылардың тіпті авторлардың өздерінің де форманың нашарлығы мен өңсіздігін «тақырыптың маңыздылығымен» бүркемелеу үшін төлке әурелеуін отырғанын атап көрсетті.

Қосымша баяндамасын аяқтап және совет поэзиясының міндеттерін сыпаттай келіп, Самед Вургун былай деді:

—Жаңа, Социалистік адамның, жаңа тарихты жасаушының алып тұралы образы, оның көп салалы еңбек және творчестволық жұмысының бүкіл байлығы, оның бүкіл жоғары идеялары мен моральдық қасиеттері біздің поэзиялық бүкіл ойымыздың нақ ортасында тұруға тиіс. Бізге поэзиялық ойдың күшті өкілімен шарықтап өрлеуі, біздің тамаша өмір шындығымызды, біздің аса зор ертеңгі күнімізді кеңінен қамтуы, бұрынғы қай кездегіден болса да анағұрлым керек бо-



еңбек тәртіпін деуік сақтауын, мал азықтың нәрлендіріліп, белгіленген норма бойынша берілуін қамтамасыз еткен. Төл алуға өзіндікті және алынған төлді күтуді жақсы ұйымдастырған. Колхозшылардың агрозоотехникалық оқуын ұйымдастырып, оқудың тағайындалған уақытта өтуіне және оған қамтылған колхозшылардың тегіс қатысуына жетіскен.

Петропавл МТС-нің мал дәрігері Кис жолдас Сталин атындағы колхозды (Петропавл ауданы) қамтыды. Ол фермаларда жиі болып тұрады. Мал өсірушілерге малды күту, азықтандыру, сауын сыйырлардың сүттілігін арттыру, мал ідетіне жол бермеу жөнінде кеңес береді. Сондықтан мал өсірушілер Кис жолдасы өздерінің ақылшысы ретінде құрметтейді. Оның күнбе-күнгі көмегі арқасында бұл колхоздың сауыншылары әрбір сауын есі йырдан жыл басынан бері 2 мың литрге дейін сүт алуға жетіскен. Кис жолдас мал азығын әзірлеуде техника қуатын тиімді пайдалануды ұйымдастырып отырады.


Зоотехниктер мен мал дәрігерлерінің қатарында өз ісіне ұқыптылықпен, жауаптылықпен қарайтын осылар сияқты алдыңғы жатарлы мамандармен бірге, өзіне селсік, некекті қарайтын мамандар да жоқ емес. Бұған бірнеше мысал келтірейік. Быйыл Мамлют ауданы, Вильямс атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда мал қыстату елеулі жемпіліктермен басталды. Бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздардың көпшілігінде мал азығы тапшы, қысқы маусымға толық жетпейді.

және малға азықтың кезінде белгіленген норма бойынша толық берілуін басқарып ұйымдастырып отыруға міндетті. Сонымен қатар олар мал азығының орынсыз шығын болмауына, оның малға нәрлендіріліп берілуіне, мал ідетіне қарсы күрестің жең өріс алуына, мал тұқымын асылдандыруға ерекше көңіл бөліп, бұл жөнінде мал өсірушілерге үнемі кеңес беріп, көмектесіп отыруға тиіс.

Зоотехниктер мен мал дәрігерлері колхоздарда, сондай-ақ совхоздарда агрозоотехникалық оқуды ұйымдастыруда, оны басқаруда басты тұлға болуға тиіс. Бүгүнгі күндерде зоотехниктер мен мал дәрігерлері мал өсірушілерге мал шаруашылығындағы озат тәжірибелерді, советтік ғылымның табыстарын кеңінен насихаттап, сол арқылы мал өсірушілердің мамандығын арттыра беруді керек. Сонымен бірге зоотехниктер мен мал дәрігерлері өздерінің де білім дәрежелерін арттырып, тәжірибелерін байытып отыруға міндетті. Бұл істе МТС-терде, совхоздарда ай сайын өткізіліп отырылатын мамандардың кеңесі зор роль атқарады. Ол кеңестерде өзара тәжірибе ауысуымен бірге, еліміздегі озат мал өсірушілерді тәжірибелері және ғылымның табыстары жөнінде лекциялар оқылып, баяндамалар жасалуы керек. Мұның әресе жас мамандарды тәрбиелеп, өсіруде зор маңыз бар.

Зоотехниктер мен мал дәрігерлері мал шаруашылығын өркендетуде алдыңғы сапта болуға тиіс. Бұл олардың айбынды міндеті.

### БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ТЕХНИКАСЫ



Дзержинский атындағы Муром заводында Коломенск паровоз жасаушыларының жобасы бойынша ВП 1-01 сериялы отынсыз жүретін паровоз жасалды.

СУРЕТТЕ: ВП 1-01 сериялы отынсыз жүретін паровоз. Суретті түсірген Н. Зиновьев. (СОТА-ның фотохроникасы).

тағардың ақсақалы құрастыра отырып, бағыттайды.

Бірақ, өз кейіпкерлерінің рухани йік дүниесінің байлығын ашық көрсететін

мағын кітаптар керек.

Совет поэзиясы туралы Самед Вургун қосымша баяндама жасады.

недеуге әкеліп соқтырды. мысалы, Яшиннің «Алена Фомина» дейтін поэмасы жалпы алғанда жаман жазылмаған,

Осымен таңертеңгі мәжіліс аяқталды. (СОТА).

## Конюхов ауданы, „Красная крепость“ ауылшаруашылық артелі мүшелерінің Солтүстік Қазақстан облысының барлық колхозшыларына, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшыларына, ауыл шаруашылығы мамандарына Үндеуі

Қымбатты жолдастар!

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің басшылығымен совет халқы коммунистік құрылыстың зор программасын жүзеге асырып, халық шаруашылығының барлық саласын оған әрі өркендету, еңбекшілердің материалдық және мәдени дәрежесін арттыру жолында күресуде.

Совет адамдары СОКП Орталық Комитетінің сәуір, февраль-март және июль Пленумдарының қаулыларын зор жігермен жүзеге асыруда. Социалистік егіс даласы мен мал фермаларының еңбекшілері ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру жолында жанқиярлықпен еңбек етуде.

Біздің ауылшаруашылық артелінің мүшелері де бүкілхалықтық істің орындалуына көп үлес қосуда. Астықтың, овоқтың және картоптың шығымдылығын арттырумен бірге, біздің әрқайсымыз колхоз өндірісінің маңызды саласының бірі болып табылатын қоғамдық мал шаруашылығын оған әрі өркендету жолында қол үзбей еңбек етудеміз.

Үстеміздегі жыл сыйыр малының басы өткен жылғымен салыстырғанда 8,5 процент, соның ішінде сауын сыйырлар 22 процент, шошқа 37 процент, қой 22,2 процент және құс 35 процент артты.

Малдың өнімділігі едәуір артты. Үстеміздегі жылдың өңір айында әрбір сауын сыйырдан 1500 литр сүт сауылды, әрбір қойдан 3,3 килограмм жүн қырқылды, әрбір мегекінен 12 торай алынды.

Колхоз мал фермаларының озат қызметкерлері малдың өнімділігін арттыруда бұдан да зор табыстарға ие болды. Сауыншы Анна Писаренко өзіне бекітіліп берілген әрбір сауын сыйырдан 1647 литрден сүт алды. Сауыншы Анна Семенов 12 сыйырдан 12 бұзау өсірді. Бұзау өсіруші Наталья Кочкина жас төлдерді ұқыпты күтіп, олардың салмағын арттыруда жоғары көрсеткіштерге ие болды. Шошан Александр Сельчихин және басқалары да жақсы еңбек етуде. Колхоз ауданда мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоғары ойдағыдай орындағандардың бірі болды. Мұнан басқа мемлекеттік сатып алу орындарына 383 центнер ет және 287 центнер сүт сатылды. Кәзір фермалардың мал өсірушілері келесі жылдың есебіне мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруда. Кәзірдің өзінде 350 центнерден астам ет тапсырылды.

Біздің ауылшаруашылық артелінің қоғамдық мал шаруашылығы быйыл шаруашылықтың ең табысты салаларының біріне айналды. Колхоздың жалпы табысы 1 миллион 324 мың 446 сом, бұл өткен жылғыдан 604 мың 212 сом артық. Мұның ішінде мал шаруашылығынан 543 мың сом табыс алынды. Тек қана товарлы сүт фермасынан колхоз қассасына 239 мың сом және қой фермасынан—225 мың сом түсті.

Мал өсірушілердің еңбегіне жоғары ақы төленетін болды. Олардың әрбір еңбекшісіне 4 сом ақпалай және 2,5 килограмм астықтай табыс бөлінді. Фермалардың озат қызметкерлерінің еңбекшілеріне қосымша ақы ретінде басқа да өнімдер көп берілді.

Бірақ біздің колхоздың мүшелері қол жеткен табыстарға тоқмайысыз. Мал шаруашылығы колхоз өндірісінің ең маңызды салаларының бірі болып табылатынын еске алып, олар қоғамдық малдың басын өркендетуде және оның өнімділігін арттыруда жаңа табыстарға жете береді.

### ҚАЗАҚСТАН КП ОБКОМІНДЕ

#### Конюхов ауданы, „Красная крепость“ ауылшаруашылық артелі мүшелерінің үндеуі туралы

Қазақстан КП обкомі қаулы етті:

Конюхов ауданы «Красная крепость» ауылшаруашылық артелі мүшелерінің Солтүстік Қазақстан облысының барлық колхозшыларына, МТС, совхоз жұмысшылары мен ауыл шаруашылығының мамандарына мал қыстатуды табысты өткізу жолындағы социалистік жарысты

ұйымдастыру туралы үндеу қабылдап, көтерген инициативасы мақұлданды.

Қазақстан КП аудандық комитеттері, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдары «Красная крепость» ауылшаруашылық артелі мүшелерінің үндеуін колхозшылардың МТС және совхоз жұмысшыларының ауыл ша-

қарушылығы мамандарының жыйналыстарында талқылау, негізгі назарды жемшөпті әзірлеу беру, оны үнеммен жұмсау, малдың өнімділігін арттыру мәселелеріне аударып отырып, олардың арасында мал қыстатуды үлгілі өткізу жолындағы социалистік жарысты ұйымдастыру міндеттелді.

Мал қыстату маусымын үлгілі өткізу және оның өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарысқа ұштасып, біз өзімізге мынадай міндеттемелер қабылдаймыз: қысқы кезде мал басын толық сақтап, келесі жылы әрбір сауын сыйырдан 1800 литрден сүт аламыз. Әрбір жартылай биязы жүнді қойдан 4,2 килограмм жүн, әрбір мегекінен 15 торай, әрбір жұмыртқалайтын құстан 80 жұмыртқа аламыз. Мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жоғары малдың және құстың барлық түрі бойынша орындалады. Мал шаруашылығынан кезінде 8 мың сом табыс аламыз. 800 қойға, 1000 құсқа қора салынады, мал шаруашылығындағы еңбекті көп қажет ететін жұмыстар механикаландырылады. Товарлы сүт фермасында екі жақты аспалы жол, автомат суарғыш, сыйыр сауатын электр агрегаттары орнатылады.

Үстеміздегі жылдың өзінде-ақ жемшөп базасын арттыру үшін 150 гектар көкпірлік қара бидай егілді. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап 500 гектар алаңда шабындықтар мен жайылымдықтарды жақсарту жұмыстарын жүргіземіз. Тамыржемістерді 1954 жылғыдан екі есе артық егеміз. 250 гектар алаңда сүрленетін шөп дақылдарын себеміз. Көкпір үшін сұлы егісінің көлемін екі есе арттырып, оның алаңын 700 гектарға жеткіземіз.

Бұл міндеттемелерді орындау үшін бізде барлық мүмкіндіктер бар. Үндеу қабылдап біз «Красная крепость» ауылшаруашылық артелінің мүшелері Солтүстік Қазақстан облысының барлық колхозшылары мен колхозшы өйелдерін, МТС және совхоз жұмысшыларын, ауыл шаруашылығы мамандарын мал қыстатуды үлгілі өткізу, мал басын толық сақтау және оның өнімділігін оған әрі арттыру жолындағы социалистік жарысқа ұштасуға шақырамыз. Бұл міндетті орындау жолында біз халық үшін ауылшаруашылық өнімдерін өндірісін арттыру және жеңіл, тамақ өнеркәсібіне шикізатты көптеп беру үшін барлық күшімізді жұмсаймыз. Сүйікті анамыз—Отанымызға етті, сүтті, сары майды, тоң майды, жұмыртқаны, жүнді көптеп берейік.

Үндеу Конюхов ауданы «Красная крепость» ауылшаруашылық артелі колхозшыларының жалпы жыйналысында қабылданды.

Жалпы жыйналыстың тапсыруы бойынша Үндеуге қол қойғандар: «Красная крепость» колхозының председатели П. Константинов, партия ұйымының секретары М. Григорьев, колхоздың зоотехнигі, комсомол ұйымының секретары А. Басова, товарлы сүт фермасының меңгерушісі М. Кочкин, сауыншы А. Писаренко, қой фермасының меңгерушісі—1954 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы И. Ашанин, шошан А. Сельчихин, бұзау өсіруші Н. Качкина, жылқышы И. Конвалов, шошқа сүтүші А. Мухина, құс өсіруші А. Машинская, ағаш шебері И. Левин.

Облыстық «Ленинское знамя» және «Ленин туы» газеттерінің редакцияларына, радио хабарларын тарату комитетіне, аудандық газеттердің редакцияларына социалистік жарыстың барысын газет беттерінде үнемі жазып, хабарлап отыру міндеттелсін.



### ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

## Партия ұйымы мал қыстату жұмысынан тыс қалған

Кәзір мал шаруашылығының дағдыры шешілетін кезең — мал қыстату маусымы өтуде. Алдағы жылы мал басының көбейіп, оның өнімінің арта түсуі осы маусымның үлгілі өтуіне тікелей байланысты. Сондықтан партия ұйымдары бұл ісқа маңызды іске күнбе күн іскерлікпен басшылық жасап, мал қыстатудың үлгілі өтуін қамтамасыз етуге тиіс. Алайда Ленин ауданындағы «Еңбек» колхозы бастаушы партия ұйымы (секретары Ыбраева жолдас) мал қыстату маусымының барысына басшылық және бақылау жасаудан тыс қалған.

Партия ұйымының есебінде 14 коммунист бар. Партия ұйымы, оның секретары Ыбраева жолдас коммунистерді мал фермаларының шешуші участоқтарына бөліп, олардан малдың зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай азықтандырылып, күтіліп талап етуге, коммунистердің мал шаруашылығындағы жұмыстарға тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндетті еді.

Амал не, бұл міндет күні осы уақытқа дейін орындалмай отыр. Ыбраева жолдас коммунистердің фермаларда тікелей жұмыс істеуін ұйымдастыру орнына, оларды жеңіл-желпі жұмыстарға орналастырған. Мәселен коммунист Е. Баймұқанов жолдас шөп күзетшісі болып есептелінді. Ол мақсұнемдікке салынып, колхозшылар алдында беделден айырылған. Алайла оның бұл қылығы елеусіз қалып келеді.

Еңбекке жарамды коммунист Р. Жапаров жолдас та астық сарайының күзетінде. Оны тікелей мал шаруашылығындағы жұмыстарға жұмсауға әбден болады. Жеңілді астымен, ауырдың үстімен жүрген мұндай коммунистер некен саяқ емес. Ұйымдағы 14 коммунистің бірдебірі мал фермаларында қолма қол еңбек етпейтін болған.

Колхоз малының көпшілігі отардағы участоқтарда бағылады. Колхоз орталығынан бірнеше километр қашықтықта төрт мал қорасы бар. Біз алыстағы мал фермаларында болып, ондағы төзгісіз жағдайдың күәсі болдық. Колхозда жемшөп қоры жеткілікті. Жүздеген центнер концентрат та бар. Осыған қарамастан қоғамдық малдың қоны төзгенде, шығын бола бастаған. Соңғы күндердің ішінде бірнеше торпақ және қой шығын болған. Өйткені мал күтімі дұрыс ұйымдастырылмаған. Қолда бар мал азығы уақытылы көрлендіріліп берілмейді. Бірде-бір фермада мал азығын өлшеп, турап, бұландырып беру ұйымдастырылмаған.

—Койлардың ішінде арық-турағы бар, оларды бөлсе күтімге алдым, —дейді шопан Тастанбек жолдас, бірақ арық қойлардың күйін күр шөппен жақсарту,

ға болмайды. Колхоз орталығынан құнарлы мал азырын фермаларға жеткізу ісін ешкім ұйымдастырмай отыр.

Рас, отардағы мал фермаларында колхоз басшылары жиі болады. Бірақ олар мал өсірушілердің қажеттері мен орынды тілектеріне құлақ аспай жүр. Жақында ғана отардағы мал фермаларында колхоз председателі Үмітбаев жолдасдың өзі болды. Оған мал өсірушілер Тастанбек, Таласбаева, Мурзина және басқа жолдасстар өздерінің жататын және тамактанатын үйлеріне жататын отының жоқтығын, астықтарын дүрменге үктіре алмай отырғандықтарын, арық малдарға концентрат берудің қажеттігін айтты. Сонымен қатар, олар торпақтар мен қойларда шығынның барын хабарлады.

Бірақ Үмітбаев жолдас мұнан тиісті қорытынды шығарып, мал фермаларындағы жағдайды жақсарту жөнінде нақтылы ештеңе істемеді. Ол келесі күні кара басының қамын ойлап, аудандық партия комитетіне телефон соқты.

Аудандық партия комитетінің секретары Плевако жолдасқа мал қыстату маусымының барысын бояп көрсетіп, жалғанды жалпағынан басты. Бөгде себептерді бетке ұстап, ол екі-үш күн күзметпен босатуды сұрады. Оның тілегін Плевако жолдас қанағаттандырды. Сөйтіп Үмітбаев жолдас Қорған облысына құдалыққа жүріп кетті.

Үмітбаев осылай болған соң басқаларға не зорлық. Мал фермасының меңгерушісі коммунист Д. Ыбраев колхоз қоймасынан алған 5 центнер сұлыны фермаға жеткізбей, басқа жаққа қыдырып кеткен.

Бұл және басқа көпшіліктердің бәрі де колхоз партия ұйымының секретары Ыбраева жолдасдың көз алдынан өтіп жаттады. Бірақ ол ешкімге ештеңе дей алмайды. Мұның қалай себебі бар. Өйткені Ыбраева жолдас колхоз өндірісінен қол үзген, соңғы екі- үш айда бірде- бір еңбекшүл таппаған. Міне сондықтан да ол колхозда мал қыстату маусымының несіздікке ұшырауына қарсы күрес жүргізе алмай дәрменсіздікке салынып жүр.

Алыстағы мал фермаларындағы колхозшы шаруалардың рухани тілегі зор. Олар Коммунистік партия мен Совет үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты, ғылым мен өзіт тәжірибенің табыстары және басқа көкейтесті мәселелер жөнінде радио хабарларын, үгітшілердің өңгімелерін, баяндамалар мен лекциялар тындағысы келеді. Ама не, партия ұйымы мал өсірушілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты ұмыт қалдырған.

Мал қыстату маусымы басталғалы фермаларда үгіт коллективінен ешкім болмаған. Сондай-ақ фермалардағы мал өсірушілердің тұратын үйлерінен газет,

журналдарды, жауынгерлік листоктар мен көрсеткіш тақталарын, радиоқабылдағыштарды және басқа музыкалық аспаптарды іздеп таба алмайсыз.

—Өңгіме де, ойын- сауық та ауылда, бізде, фермада ештеңе жоқ, — деп қынжылады мал өсірушілер.

Мал өсірушілердің бұл сөзі өте орынды. Ауылда 24 үгітші бар. Олар колхоз орталығынан шығып, фермаларда болған емес. Ыбраева жолдас бұл жөнінде үгітшілерге жұмған аузын ашпайды. Колхоз кеңесі мен оқу үйінде орталық, республикалық, облыстық газеттер жеткілікті. Бір ғана колхоз кеңесінде үш радиоқабылдағыш бар. Оның бірі председателдің кабинетіне, қалғандары есепшілердің кабинеттеріне орнатылған.

—Газет, журналдарды, радиоқабылдағыштардың мал фермаларында болуын неге ұйымдастырмайсыздар, — деген сұраққа:

—Қалай жіберерсің, мал өсірушілер газетті жырғады, радиоқабылдағышты сындырады, — деп жауап береді Ыбраева жолдас! Бұл неікен топастық!

Колхозда мал қыстату маусымының төзгісіз жағдайына бастаушы партия ұйымы ғана емес, сонымен бірге, аудандық партия комитетінің мүсқаушылар тобы да үлкен мінәлі екенін айта кету керек. Аудандық партия комитетінің Образцовый МТС аймағы жөніндегі секретары Великанов жолдас мал қыстату маусымы басталғалы бұл колхозда болмаған. Ол аудан орталығы мен МТС ұсадыбасында уақытын өткізіп жүр.

—Великанов жолдасдың МТС ұсадыбасына келуі де бізге оңайға түсіп жүрген жоқ, — дейді станция директорының міндетін уақытша атқарушы бас агроном Қожаев жолдас. —Ол осы уақытқа дейін аудан орталығы —Явленкада тұрады. Оны таңертең машинамен алып келеміз де, кешке ізінше қайтадан үйіне апарып саламыз.

Осылай болғандықтан Великанов жолдасдың мал қыстату маусымына жанды басшылығы жөнінде қандай сөз болуы мүмкін. МТС қызметкерлері мен колхозшы шаруалар Великанов жолдасдың кәзіргі ісіне қатты қынжылады.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету, әсіресе мал қыстату маусымын үлгілі өткізу мақсаты партия басшылығы барынша жақсартуды, мал өсірушілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастыруды талап етеді. Бастаушы партия ұйымының секретары Ыбраева, аудандық партия комитетінің станция аймағы жөніндегі секретары Великанов жолдасстар мұны неге ұмытады?

**Т. КӘДІРОВ,**  
Ленин ауданы. (Арнаулы тілшіміз).

## Колхозшыларды мәдениетті қамтуда

«Аралаған» ауылшаруашылық артелиі дегі (Совет ауданы) оқу үйі бұдан бұрын бір ғана тар бөлмеге орналасқан болатын. Оқу үйінің қалған бөлмелері колхоз кеңесіне пайдаланылып келді. Қостанай облысы, Таран ауданы еңбекшілерінің ауыл-село мәдени ошақтарының жұмысын жақсарту жөніндегі үндеуін талқылауға арналған колхозшылар жиыналысы оқу үйінің жұмысына көңіл бөлмегендігі үшін колхоз басқармасын қатты сынға алып, одан оқу үйінің жұмысын жақсартуды талап еткен болатын. Кәзір оқу үйі үш бөлмелі үлкен үйге орналастырылып, керекті жабдықтармен толық қамтамасыз етілді.

Бұдан бірнеше жыл бұрын мұнда небары 104 дана ғана кітаптар болатын. Ал кәзір оқу үйінің кітап қорында 1800 дана дан астам әртүрлі әдебиеттер бар. Олардың ішінде 131 том саяси әдебиеттер және көптеген ауылшаруашылық, ғылыми көпшілік әдебиеттер бар. Сол сияқты оқу үйі 1955 жылға 600 сомның газет, журналдарына жазылды.


Оқу үйінің тұрақты кітап оқушыларының саны да жыл сайын көбейіп келеді. Кітап оқушылар залында жұртшылықтың бір мезгіл қажетті кітаптарын оқып, мәдениетті түрде тынығуына барлық жағдай жасалған. Кітап оқушылар конференциясы да жиі өткізіліп тұрады. Мәселен, жақында жазушы А. Фадеевтің «Жас гвардия» романын талқылауға арналған конференция болды. Конференцияға колхозшылар, оқытушылар және басқа да кітап оқушылар қызу қатысып, кітаптың жетістік және кемшілік жақтары туралы өздерінің пікірлерін айтты.

Оқу үйінің жанында лекторлар тобы жұмыс істейді. Оған колхоздағы агрономдар, мал мамандары және оқытушылар қатысады. Ауылдық лекторлар аз ғана уақыттың ішінде ғылыми-көпшілік және саяси тақырыптарға бірнеше мазмұнды лекциялар оқыды. Оқу үйінің меңгерушісі С. Ержанов жолдас кәзір колхоз партия ұйымымен бірлесе отырып, еуропалық елдердің Москвадағы кенесінің Декларациясын халық алдында шең насихаттау жұмыстарын жүргізуде. Колхозшылар өздерінің оқу үйлерін құрмет тұтады, оны мәдениетті түрде дем алудың бірден-бір орталығы деп санайды.

**Д. ҚАБЫКЕЕВ.**

## Москва артистері тың жер игерушілер арасында

Жақында облысымызға Москваның мемлекеттік филармониясының концерт бригадасы келді. Олар бұдан бұрын Қостанай облысының тың жер игерушілеріне концерттер берген болатын. Бригаданың құрамында өміші Шаповалова, көркем сөз оқудың шебері Токарев және басқалары бар. Олар совет композиторларының жаңа әндерін, тың жер игеруші патриоттарға арналған, олардың қажырлы еңбектерін жыр ететін шығармаларын орындайды. Москва артистері кәзір Булаев ауданына келіп кетті. Онда жаңадан ұйымдас-



**Запорожье.** Ауыл шаруашылығын электрлендіру Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтының Запорожье филиалының ғылыми қызметкері, техникалық ғылымдардың кандидаты К. П. Савинков, электрші-техник А. К. Козорев екеуі бірлесіп жоғары өнімді қолдану арқылы металды тозаңдатып, тетіктерді металдандырудың жаңа әдісін ойлап тапты. Бұл әдіс ауылшаруашылық машиналарының тетіктерін қалпына келтіру үшін пайдаланылады.

Жоғары өнімді металдандыру тракторлар мен автомашиналар тетіктерінің қажалған іскерлерін әрі арзан, әрі тез қалпына келтіреді. Савинков жолдас ойлап тапқан жаңа әдіс кәзір УССР Ауылшаруашылығы министрлігінің Днепрпетровск жөндеу зауытында өндіріске енгізілуде.

**СУРЕТТЕ:** ғылыми қызметкер К. П. Савинков «С-80» шығыр табанды тракторы котоктарының білігін металдандыруды жүргізіп тұр. (СОТА-ның фотохроникасы).

## Теміржолшылардың колхозға көмегі

Облысымыздың тың және тыңайған жерлерін игеріп жатқан колхоз, совхоз, МТС-теріне үетіміздегі жылы қала көсіп-орындары көп көмек жасады. Олар өздері өндірген өнімдерін облыс колхоздары мен совхоздарына және МТС-теріне үдіксіз жөнелтіп отырды. Онымен бірге, қала заводтары мен фабрикалары және көсіпшілік артельдері өндіріс озаттарын —коммунистер мен комсомолеттерді, одақта жоқ жастарды іріктеп алып, тың жер игерушілер қатарына аттандырды.

Петропавл темір жол торабының коллективі Октябрь ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозын қамқорлыққа алып, біралай көмек көрсетті. Колхоздарда қоғамдық малға жемшөп дайындау маусымы қызу жүргізіліп жатқан кезде темір жол торабының 15 кісіден құрылған бір-құрылыс бригадасы көмекке келді. Олардың алдына қойған міндеті тың жерге өскен бітім егінінен алынған өнімді сақтайтын жаңадан қойма жасап беру еді.

Бұл бригаданы тәжірибелі құрылысшы Ключников жолдас басқарып барды. Ол жұмыста бірінші алдында бригаданы мүше-

сып, астық қоймасын салу жұмысын дөреу қолға алды. Олар көп уақыт өтпей-ақ жаңа мамандықтарды игере бастады. Жол бөлімшесі көмір қоймасының жұмысшысы Баландин жолдас арап шөбу шеберлігін меңгерді. Ал бас кондукторлар Тазиткинов, Анохин, Романовский жолдасстар темір жол бөлімшесі құрылыс цехының тәжірибелі шебері Турлаев жолдасдың көмегімен үй қабырғаларын қалау және құрылысқа қажетті материалдар дайындауды игерді.

Бұл бригаданың еңбектегі бірлестігі олардың жұмыстарының өнімді болуына мүмкіндік туғызды. Құрылысшылар бригадасы аз күн ішінде көлемі 40 шаршыметрлік астық қоймасын салып, оны толық жабдықтады.

Алғашқы міндетті ойдағыдай орындап шыққан теміржолшыларды колхоз председателі Дундуков жолдас қызу құттықтады. Онымен бірге колхоз клубын жөндеп беруді тілек етті. Құрылысшылар бұл тілекті қызу қарсы алып, аз күнде орындап та шықты. Клуб үйінің 150

## Қазақ тілінде оқылатын лекцияларға көңіл бөліңіз

Еңбекшілердің мәдени дәрежесінің өсуі, олардың саяси белсенділігінің артуы бәрімізге маңызды. Осыған байланысты біздің мақсатымыз — Қазақ тілінде оқылатын лекцияларға көңіл бөліңіз.

дағы штаттан тыс лекторлар тобы елеулі жұмыстарды орындайды.

Абай атындағы «Сталин жолы», «Ба



қорамымыздың алып адымен алға басуында, коммунизм құру үшін сүресте орасан зор маңызы бар. Еңбекшілердің коммунистік сана-сезімі неғұрлым жоғары болса, олар партия мен үкімет алға қойып отырған халық шаруашылық міндеттерді жүзеге асыруда солғұрлым бағыл және табанды күрескер болады. Коммунистік партияның саясатын жүзеге асыруға белсене қатысады.

Сондықтан да ауыл-селоардағы еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу, ол үшін ғылыми және саяси тақырыптарда лекциялар оқу жергілікті партия, совет орындары мен ауыл-село интеллигенттерінің айбынды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін мәдени-ағарту жұмысының барлық түрлері ұқыпты жүргізілуі тиіс, колхозшылар мен совхоз, МТС жұмысшылары арасында қызықты, әрі тартымды лекциялар оқылып, баяндамалар жасалып тұруы қажет. Оқылған әрбір лекция немесе баяндама өзінің тақырыбы жағынан кең, мазмұны түсінікті болуы керек. Тыңдаушыларға Коммунистік партияның теориясы мен практикасын, саясатын, ғылым мен техника жаңалықтарын, советтік қоғамның даму заңдарын, халықтар достығын, халықтың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілігінің артуына насихаттап отырған жөн.

Бұл талаптарды жүзеге асыруда Преснов аудандық партия комитетінің жанын-

тобы колхозшылар мен совхоз, МТС жұмысшылары арасында көптеген лекциялар оқыды. Оның ішінде әсіресе, қазақ колхоздарында қазақ тілінде оқылатын лекцияларға ерекше көңіл бөлінді.

Мәселен, штаттан тыс лекторлар тобының мүшелері Әлмурзин, Хабаев, Баймурзина және басқа да жолдастар қазақ колхоздарына барып екі-үш лекциядан оқыды. Олардың оқыған лекциялары әрі тартымды, әрі қызықты болғандықтан тыңдаушылар лекторларға өздерінің алғыстарын білдіріп, ондай лекциялардың жиі-жиі оқылып тұруын талап етті.

Таяуда Әлмурзин жолдас Молотов атындағы колхоздың Кеңке бригадасындағы колхозшыларға «Коммунистік партия — совет халқы жөністерінің ұйымдастырушы және дем беруші ұлы күші» деген тақырыпта лекция оқыды. Колхозшылар лекцияны аса зейін қойып тыңдады. Лектор өзінің лекциясында өте қызықты мысалдар, фактілер келтіріп отырды. Ол фактілер мен мысалдардың көпшілігі жергілікті жерлерден алынған. Лекция соңынан лекторға бірнеше сұрақтар қойылды. Ол сұрақтарға Әлмурзин жолдас қанағаттандырылық жауап берді. Тыңдаушылар лекцияға мейлінше риза болып тарасты. Осы сияқты, лектор Баймурзин жолдасына да «Баян» колхозының мүшелеріне «Абай Құнанбаев — қазақ халқының ұлы ақыны» деген тақырыпта оқыған лекциясы өте қызықты өтті.

Таяуда басқа колхоздардың еңбекшілеріне қазақ тілінде көптеген лекциялар, баяндамалар оқылды. Мысалы, «Маску-немдік — капитализмнің қалдығы», «Совет соты — халық соты», «Бейбітшілікті нығайту және халықтардың хауіпсіздігін қамтамасыз етуде СССР-ның сыртқы саясаты» деген тақырыптардағы лекциялар тыңдаушыларға өте ұнады. Олар өздерінің ана тілінде оқылған лекцияларға риза болып, мұндай лекциялардың жиі және көп оқылуын, тақырыптарының алғаш түрлі болуын тіледі.

Алайда біздің ауданға облыстан маман қазақ лекторлары келмейді. Оның үстіне жергілікті лекторлардың лекция оқуына қазақ тіліндегі материалдардың өзі жоқтың қасы деуге болады. Осындай кемшіліктерден колхоз, совхоз және МТС-тердегі еңбекшілерді өздерінің ана тілінде оқылатын лекциялармен, баяндамалармен толық қамтамасыз етіп, олардың тілектерін қанағаттандыра алмай келеміз. Сондықтан да әсіресе саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамның облыстық бөлімшесі аудандарға маман қазақ лекторларын жіберіп тұрса, қазақ тілінде оқылатын лекцияға аса қажетті материалдарды жіберіп тұрса дұрыс болар еді.

**Б. КӨРІМБАЕВ,**  
КНП Преснов аудандық комитетінің  
насихат және үгіт бөлімінің  
менгерушісі.

## Совхоз коммунистерінің оқуы

Приемім қой совхозының (Преснов ауданы) партия ұйымы бйылғы оқу жылының СОБП Орталық Комитетінің талаптарына сәйкес партия оқуы жүйесіндегі еріктілік принципін жүзеге асыра отырып, зор ұйымшылдықпен бастады. Саяси оқу жүйесінде орын алып келген кемшіліктер бйыл жойылды. Осының нәтижесінде совхоздағы 51 коммунистің бәрі де кәзір маркстік-лениндік теорияны, ауыл шаруашылығының экономикасын, халықаралық жағдай мәселелерін өздігінен үйреніп жүр.

Бұл жағдай совхоз партия бюросының (секретары Вабаков жолдас) алдына өздігінен үйренуші коммунистерге жан-жақты, нақтылы көмек ұйымдастыру міндетін қойды. Сондықтан да совхозда лекторлар тобы құрылып, коммунистер үшін айына екі рет лекция оқып отыру жоспарланды. Кәзір бұл жоспар ойдағыдай орындалуда. Халықаралық жағдай жөнінде, ғылыми-атеистік, жарасты тұрмыс тақырыптарына бірнеше лекциялар оқылды. Тыңдаушы коммунистер, әсіресе Роменюк жолдас оқылған лекцияларға қанағаттанғандық сезім білдірді. Өйткені Роменюк жолдас лекцияларға мұқият әзірленіп келеді және аудиторияның жалпы білім дәрежесімен есептесіп, лекцияның түсінікті болуын қадағалап отырады. Сондай-ақ, ол лекцияны дайындағанда жергілікті фактілерді мысал ретінде көптеп келтіріп тұруды қарастырады.

Сол сияқты, лекторлар тобының құрамындағы басқа жолдастар да нәтижелі еңбек етіп жүр.

**Д.ӘБИЛОВ.**

## АУЫЛ-СЕЛОЛЫҚ ЛЕКТОРИЙЛЕРДІ БІЛІМ ОШАҒЫНА АЙНАЛДЫРАЙЫҚ

Лектор өзінің лекциясын мейлі жұмысшылар алдында, мейлі колхозшылар алдында болсын, қай жерде оқыса да, тыңдаушылар оның құнды, әрі қызықты және жиі оқылып тұруын тілейді. Еңбекшілердің бұл тілегін қанағаттандыруда жергілікті жердегі интеллигенттер негізгі күш болып табылады. Кәзіргі кезде МТС-терде, совхоздарда және колхоздарда ауыл шаруашылығының білімді мамандары бар.

Олардың қайысы болмасын ауыл-село жұртшылығының алдында лекция оқуға ынталы. Мәселе олардың инициативасын қолдай білуде болып отыр. Әрбір колхозда, совхозда және МТС-те даярлығы мол интеллигенттер мен мамандар есебінен лекторийлер ұйымдастыру қажет.

Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамының облыстық бөлімі мен ҚЛЖО облыстық комитеті селоларда, МТС-терде жергілікті интеллигенттерден лекторийлер ұйымдастыру жөнінде бірқатар жұмыстар істеді. Ұйымдастырылған лекторийлер өз жұмыстарын ойдағыдай атқарып-та келеді. Еңбекшілер алдында ауылшаруашылық тақырыптарына арналған ірікәлді лекциялар оқылып, ғылым мен озат тәжірибенің табыстары кеңінен насихатталуда.

Ал мынадай бір мысал келтірейік. Бонювалов МТС-індегі бастауып партия ұйымының секретары Зминин жолдас басқаратын лекторлар тобының әрбір лекторы тек өткен ноябрь айында ғана үш-үштен лекция оқыған. Ал декабрь айында әрбір лекторға төрт лекция оқылды.

жоспарланып, ол кәзір ойдағыдай іске асырылуда. Лекторлар әзірлеген лекцияларын жұртшылық алдында оқылмастан бұрын алдымен партия ұйымында талқылатып алып отырады. Бұл лекцияның саяси ұстамды, идеялық жағынан құнды болып шығуына жағдай жасауда.

Алайда кейбір колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде ұйымдастырылған лекторийлер өз жұмысында кемшіліктерге жол беріп келеді. Мәселен, Ворошилов атындағы, Интернационал және Семиполка МТС-терінің лекторийлерінде күні бүгінге дейін бірде-бір лекция оқылмаған.

Ауыл шаруашылығының еңбекшілері ғылым мен техника жаңалықтарын, озаттардың іс-тәжірибесін кең, жан-жақты білгісі келеді. Бұл жұмысты орындауда лекторийлер үлкен роль атқарады. Сонымен бірге, әрбір ауыл-селода, жұмысшылар поселкаларында ғылыми-атеистік тақырыптарға лекциялар оқылып отырған жөн.

Қыс күндері — лекциялық насихатты кеңінен өрістетуге үшін қолайлы кезең. Лекциялық насихатты комсомол ұйымдары жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу ісіне пайдалана білуге міндетті. Бұл жөнінде көптеген тақырыптарға лекциялар ұйымдастыру қажет.

Жергілікті комсомол ұйымдары лекциялық насихатты жастар арасында кеңінен өрістетіп, олардың рухани тілектерін қанағаттандырып отырулары керек.

**В. ЗОРИН,**  
ҚЛЖО облыстық комитеті лекторлар  
тобының жетекшісі.

тырылған совхоздар еңбекшілеріне концерттер бермек. Сол сияқты таяудағы күндерде облысымызға Москваның гастрольдік бюросының тағы бір концерт бригадасы келмек.

## Колхоздағы құрылыстар

Жданов атындағы колхоздың (Преснов ауданы) қоғамдық шаруашылығы жыл сайын өрге басып келеді. Бұған байланысты колхозшылардың әл-ауқаты мен материалдық тұрмысы да жақсаруда.

Колхоз басқармасы құрылыс жұмыстары үшін арнаулы бригада бөлді. Оның құрамында колхоздың маңдайалды шеберлері К. Мырзақов, С. Некибаев, жетпіс жастағы қарт И. Мусенов және басқалары бар. Құрылыс бригадасы 4 бөлмелі кеңсе үйін, қолхозшыларға 26 тұрғын үй салып берді. Стандартты қой қорасы құрылысын да ойдағыдай аяқтады. Колхозда құрылыс жұмыстары әлі де қызу қарқынмен жүргізілуде.

**Б. НЕКИБАЕВ.**

## Колхозшылар үшін лекциялар

Совет ауданының колхоздарында саяси, ауыл шаруашылығы тақырыптарында және халықаралық жағдай жөнінде лекциялар жиі оқылып тұрады. Бұл лекцияларды оқуға партия, совет және комсомол қызметкерлері, ауылдық-селолық интеллигенция белсене араласады.

Жақында Қазақстан КП Совет аудандық комитетінің секретары Бозин жолдас Киров атындағы колхозда халықаралық жағдай жөнінде лекция оқыды. Лекцияға көптеген колхозшылар қатысты. Колхозшылар алғы күндерде де мұндай лекциялардың жиі оқылуын, әсіресе колхоз ғалымы Мальцевтің өдісі жөнінде лекциялар оқуды сұрады.

**Н. ЖҰМАШКИН.**

## Оқу үйінде

Абай атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) оқу үйі жанынан құрылған лекторий мал фермаларында, дала бригадаларында әртүрлі тақырыпта лекциялар оқып тұрады. Жақында лекторийдің мүшесі, СОБП тарихын үйренетін негізгі типті үйірменің насихатшысы К. Ақынов жолдас колхозшыларға европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесінің қорытындысы туралы лекция оқыды.

**М. БАЛАХМЕТОВ.**

## Ігі еңбектері үшін

Смирнов орта мектебінің (Совет ауданы) комсомолдері жазғы жұмыстар кездерінде колхозшыларға үлкен көмек көрсетті. Олар шөп шабу, егін жыйнау және басқа ауылшаруашылық жұмыстарын істеді. ҚЛЖО аудандық комитеті ауылшаруашылық жұмыстарына белсене араласқаны үшін Өмірзақов, Мусин, Смағұлов, Темірхановтарды аудандық комитеттің мақтау грамотасымен наградалады.

**С. МАҒЗУМОВ.**

лерін жыйнап алып:

— Біздің алдымызға қойылатын жұмыстың жауаптылығы және күрделілігі сол — біз ең қысқа мерзім ішінде осы колхозға жаңа астық қоймасын салып беруге міндеттіміз. Ол үшін бізде күш-мүмкіншілік жеткілікті. Тек адал еңбек етіп, жұмыс істейтін әрбір минут уақытты тиімді пайдалануымыз керек. Еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын үнемі жақсартып, колхозшыларға үлгі көрсетуіміз керек, — деді.

Сол күннен бастап құрылысшылар бригадасы колхоз өндірісіне қызу арала-

## Жергілікті құрылыс материалдарын дайындауға жете көңіл бөліңсін

Облысымызда мыңдаған тектар тың жерлердің игерілуіне байланысты, жаңа совхоздарда құрылыс жұмыстары да кеңінен жүргізілді. Бірқатар совхоздар күрделі жұмыстарына жергілікті құрылыс материалдарын да пайдаланды. Саманнан, қамыстан және басқа да жергілікті материалдардан бір, төрт, сегіз пәтерлі үйлер, жатақханалар және қоғамдық мекемелер салынды.

Октябрь ауданының Хрущев атындағы совхозында қамыстан магазин, нан пісіретін орын салынып, олар пайдалануға берілді. Сол сияқты, Тимирязев атындағы совхозда комсомол жастардың инициативасы бойынша жергілікті материалдан клуб үйі, мал қорасы салынды. Совхоздардың комсомол, кәсіподақ ұйымдары қамыс, саман сияқты жергілікті материалдар дайындауға совхоз жұмысшыларын белсене жұмылдырып отырды. Аталған совхоздардың көптеген жұмысшылары өздеріне жергілікті материалдардан тұрғын үйлер салып алды.

Дегенмен, бірқатар совхоздарда әлі де болса жергілікті материалдар дайындауға жете көңіл бөлінбей келеді. Соның салдарынан жергілікті құрылыс материалдарын дайындаудың, олардан тұрғын үйлер салудың жоспары орындалмай отыр. 1955 жылы совхоздарда жергілікті материалдардан 1600 үй салынуы керек.

## Жаңа қоныстанушыларға қамқорлық

Облысымыздың игерілмей жатқан тың және тынайған жерлерін игеруге көмекке еліміздің ірі қалалары мен селоларынан коммунистер мен комсомолдер және одақта жоқ жастар әлі де болса көптеп келіп жатыр.

Булаев аудандық тұтынушылар одағы бұл жаңа қоныстанушыларға алғашқы күннен бастап зор қамқорлық көрсетуде. Оларға арнап өнеркәсіп товарларының көп түрлерін және азық-түлік, ұн, ет, крушаның түр-түрлерін, консерв, май тағамдарын бөлді. Онымен бірге, сабын, керосин, үй шамдарын тағы басқа да көпшілік қолды товарларды жеткілікті мөлшерде жеткізіп бере бастады.

Жаңа қоныстанушыларды қамсыз ету ісі облысымыздың барлық аудандарында ойдағыдай ұйымдастырылады. Мәселен, Тамань дивизиясы атындағы совхозды ала-

жабықталды. Бұл клуб үйі кәзірде колхоз жастарының мәдениет орталығына айналды. Мұнда кино-картиналар жиі-жиі көрсетіліп, лекциялар оқылады. Онымен бірге, колхоз көркемөнерпаздарының концерттері қойылып тұрады.

Теміржолшылардың көрсеткен игілігі көмегіне колхозшылар шын жүректен ризалық білдірді. Колхоз председатели құрылыс бригадасының бригадирі Ключников жолдасқа және бригаданың барлық мүшелеріне алғыс жазылған анықтама берді.

**В. СӘМИЕВ.**

Оған 100 мың текшеметр қамыс жетеді.

Қамыстан салынған үй саманнан салынған үйге қарағанда тұруға ыңғайлы, жылы болатынын практика көрсетіп келеді. Соған қарамастан кейбір совхоздар қамыс дайындау ісіне баса көңіл бөлмей отыр. Әсіресе, Октябрь ауданының Степной (директоры Григорьев жолдас), Интернационал (директоры Салтыков жолдас) совхоздары небары 350-500 текшеметр ғана қамыс дайындаған. Мұндай жағдайға тіпті де төзуге болмайды. Степной, Интернационал совхоздарының басшылары жергілікті материалдарды дайындауға баса көңіл бөліп, мұндағы орын алған кемшіліктерді шұғыл жоюға тиіс.

Тимирязев атындағы, Хрущев атындағы, Докучаев атындағы совхоздарда жергілікті материалдарды дайындауға жұмысшылар бөлінген. Бұл совхоздарда қамыс, сабан дайындау жоспары ойдағыдай орындалуда.

Қыс күндері совхоздар тас, өк, қамыс және басқа жергілікті материалдарды көптеп дайындауы керек. Мұның өзі көптемен бастап-ақ құрылыс жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге мүмкіндік беретінін совхоздардың директорлары, партия, совет ұйымдары естен шығармауға тиіс.

**Л. МАРКЕЛОВА.**

Совхоздар тресінің аға инженері.

**Р. ИСАЕВ.**







колхозының колхозшылары үстіміздегі жылдың ауылшаруашылық жұмыстарын жорықтыңдылауда. Олар үшін быйылғы жыл елеулі табысқа жеткен жыл болып саналады. Колхозшылар бұл жылы егіншіліктің мәдениетін арттыруда және қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде айтарлықтай табыстарға ие болды. Колхоз экономикасы өткен жылға қарағанда быйыл едәуір нығайып, колхозшылардың әл-ауқаты, мәдени тұрмыс дәрежесі жақсара түсті. Мұнда бітік егін өсірудің, мал басын көбейтудің шеберлері жыл санап көбеюде.

Колхозшылар Сартомар МТС-нің механизаторларымен жұмысты тығыз ынтымақтаса жүргізе отырып, астық өндірісін шұғыл өркендету жүресінде айтарлықтай табыстарға ие болды. Колхозда дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 5,5 центнер өнім өткен жылға қарағанда артық алынды. Олар егінді қысқа мерзімде ысрапсыз жыйнап алып, колхозда астық молшылығын жасады. Колхоз мемлекетке 22500 пұт астықты өткен жылғыдан артық тапсырды. Келесі жылдың өсіне тұқым қоры жеткілікті мөлшерде жүйілді.

Колхозшылар келесі жылы барлық егіс

мақсатын көздеп, кәзір тұқым тазарту жұмысын ұйымшылдықпен жүргізіп келеді.

Фермаларда да елеулі өзгерістер бар. Өткен жылмен салыстырғанда мұнда қарамақ 147, шошқа 150, қой 180 бас және құс 300 бас артты. Мал шаруашылығының өнімділігі де едәуір артты. Мемлекетке ет, сүт, жүн көп тапсырылды.

Егін шаруашылығы мен қоғамдық мал шаруашылығы өркендеуі негізінде, ауыл шаруашылығы артелінің ақпалай табысы біржарым есе молайды. Осының барлығы — колхозшы шаруалар мен механизаторлардың жемісті еңбектерінің нәтижесі. Сауыншылар Е. Гар, А. Цехмestрюк жолдастар сүт алудың жылдық жоспарын асыра орындап шықты. Ал бұзау күтуші В. Цыгушкина жолдас төлдерді шығынсыз өсіргені үшін Бүкілодақтық ауылшаруашылық жәрмесінде болды.

Быйыл колхозшылардың табысы едәуір молайды. Олар кәзір әрбір еңбексүйенде авансаға 3 килограмнан астық, бір сомнан ақша алды.

**Б. БАҚАЕВ.**

Сөйтіп келесі жылы барлық егіс тың және тыңайған жерлерге себілмек.

Егіннен тұрақты мол өнім алу шар мен зиябті көп дайындауға ғана емес, сонымен қатар сапалы тұқым өзірлеуге де тығыз байланысты екендігін колхозшылар жақсы түсінген. Сондықтан да олар егін жыйнау жұмысымен бірге сапалы тұқым өзірлеуге айрықша маңыз береді. Колхозда барлығы бесжарым мың центнердей тұқым дайындалған болса, оларды тазарту, келтіру, сөйтіп шығымдылық сапаға жеткізу жұмыстары тоқтаусыз жүргізілді. Бұл іске колхозшы шаруалар жаппай қатысты.

Тұқым тазартуда, әсіресе Б. Мусин, П. Сәрдиева, Қ. Жексекова, Б. Ешкеев, Р. Ақбаев жолдастар ерекше көзге түсті. Олар жұмыс уақытын өнімді пайдаланып, күнделік жұмыс тапсырмаларын артығымен орындап отырды. Колхозшылардың қажырлы еңбегі барлық тұқымдық дәннің мерзімінен бұрын тазартылуын қамтамасыз етті.

Бұдан бірнеше күн бұрын тексеру лабораториясында колхоз тұқымның шығымдылығы тексеріліп, оның өлшемітігі 96—98 процент екендігі анықталды.

**Т. ЖАРҚЫНОВ.**

## Агрономиялық кеңес

# Овощ дақылдарының тұқымын сақтау жолдары

Екіжылдық овощ дақылдарынан (капуста, қызылша, сәбіз және басқалары) мол өнім алу үшін тұқымды міндетті түрде себуге дейін және сепкеннен кейін агротехникалық ережелерге сай сақтай білу керек. Ол үшін тұқымдық дәнді сақтайтын арнаулы қоймалар болуы қажет. Мұндай қоймаларда ауаның дымқылдығын және құрғақтығын үнемі байқап отырған жөн. Капустаның, қызылшаның, сәбіздің және басқа овощ дақылдарының тұқымы сақталған кезде олардың өну процестері болып отырады. Осы себепті тұқымның сапалы және шығымды болуы оны сақтауға тығыз байланысты.

Тамыржемісті өсімдіктердің тұқымын сақтау үшін қысқы уақытта қоймадағы жылылық 0 градустан 2 градуске дейін болуы керек. Капустаның тұқымы 1 градус суықтықтан 1 градус жылылық температурада сақталады. Егер жылылық 12 градусқа дейін болса, онда капустаның тұқымы яровизациялану сатысында болады.

Быйылғы жылы Петропавл ауданының бірқатар колхоздарында овощ дақылдарының тұқымын сақтайтын қоймалар жеткіліксіз болды. Осы себепті Дмитров атындағы және «Луч Ленина» колхоздары тұқымды жабайы қоймаларда сақтауды ұйымдастырды. Олар мұндай қоймалардың әрқайсысына 10 мың өзекті капуста салды. Бұл үшін ұзындығы 10 метр, көлденеңі 1 метрге жуық жабайы траншеялар қазылды. Траншеяның үстінен 2 метр биіктікте ағаштар орнатылып, оның сырты балшықпен жабылды. Траншеяның бір жағынан ашық жер

қалдырылды, бірақ суық күндері бұл жер де жабылады. Мұндай жабайы қоймаларда да тұқымның жайын үнемі тексеріп отыруға шарт. Егер тексеруде тұқымның шіріп-бүлінгені болса оларды дереу бөлек алу қажет. Бұл жағдай бүлінбеген тұқымның шіріп кетпеуін қамтамасыз етеді.

Мұндай траншеялар овощ тұқымдарын сақтайтын арнаулы қоймалар болмаған жағдайда ғана пайдаланылуға тиіс.

Сәбіз, шалқан, қызылша және шалқанды пияз бен көшетті пиязды траншеяларда сақтауға болады. Бірақ траншеяларға жұқалап құм төсеу керек. Осы әдіспен Петропавл ауданының «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында 45 центнер шалқанды пияз, 60 мың сәбіз, Пушкин атындағы колхозда 80 мың сәбіз, 60 мың қызылша, «Луч Ленина» колхозында 32 центнер шалқанды пияз сақталуда.

Көшетті пиязды сақтаудың екі жолы бар. Оны суық желмейтін құрғақ жерде сақтауға болады. Бірақ мұндай орында биіктігі 15—20 сантиметр егін төселген еденнің үстінде сақталуы керек. Еденге пияз 25—35 сантиметр қалыңдықта төгіліп, мұндағы жылылық 18-20 градустан аспауға тиіс. Сөйтіп пияздың тұқымын көктемге дейін бүліндірмей сақтауға әбден болады. Сол сияқты көшетті пиязды суықты-жылы әдіспен де сақтауға болады. Пиязды бұл әдіспен сақтау үшін оны еденге 15-20 сантиметр қалыңдықта жаю керек. Сақталатын орындары жылылық алғашқы кезде

15-20 градус, содан кейін біртіндеп 30-35 градусқа дейін жетуі керек. Осындай жылылықта 15-20 күн болуы қажет. Осыдан кейін пияз сақталған орындары жылылықты 18-20 градусқа дейін төмендету керек. Күннің суытуына байланысты жылылықты 1-3 градусқа дейін төмендетіп, осы мөлшерде көктемге дейін сақтауға болады.

Көктемнің келуіне байланысты және тұқымды себуге 20-25 күн қалғанда пияз сақталған орындары жылылықты 25-35 градусқа жеткізіп, бұл жылылықты 2-5 күндік сақтау керек. Осыдан кейін жылылықты 18-20 градусқа дейін қайрадан төмендету керек.

Осы екі жолмен сақталған пиязды себер алдында 8 сағат бойы 40 градус жылылықта сақтап, содан кейін іріктеу керек. Бүлінгендері алынып тасталады. Сонда ғана шығымдылығы мол сапалы тұқым өзірленеді. Шалқанды пиязды да қоймаларда 1-ден 6 градус жылылықта сақтауға болады. Бұл пияздың еденге жайылу қалыңдығы 35-50 сантиметрден аспау керек. Ауданы дымқылдықтың 75-80 процент мөлшерінде болғаны жөн. Пияздың сақталу жайын әрбір 7-10 күннен кейін байқап отыру қажет.

Тамыржемісті өсімдіктердің тұқымы траншеяларда сақтағанда траншеялар 20-30 сантиметр қалыңдықта көңмен жабылады. Траншеяларға суық өтпеуге тиіс.

Овощ дақылдарының тұқымын осындай жолдармен сақтағанда ғана оның шығымдылығы сапасын дұрыс сақтауға болады.

**Агроном И. ЖУКОВСКАЯ.**

Сафронов Сергей Федорович  
Степанишева Елена Афанасьевна  
Сергеева Елена Матвеевна  
Сизиков Филипп Серапионович  
Сторожева Таисия Степановна  
Турта Петр Луквич  
Тимченко Валентина Ивановна  
Трофимов Александр Поликарпович  
Турашева Нина Капитоновна  
Тимофеева Елизавета Ефимовна  
Утвенко Василий Мартынович  
Федоров Юрий Викторович  
Чукашина Нина Афанасьевна  
Широква Анна Никифоровна  
Шихирина Анна Федотовна  
Щербанова Матрена Ефтеевна  
Юдина Ирина Федоровна  
Юдина Мария Тихоновна  
Ягуфарова Зейнеп Асадоллақызы.

## ЕКІНШІ УЧАСТОК БОЙЫНША:

Халық судьясы **Семенов Георгий Михайлович.**  
Халық заседательдері:  
Әбдірахманова Рашида Фатимқызы  
Абросимова Анна Семеновна  
Агарнов Дмитрий Демьянович  
Андамасова Сатай  
Әлмұханбетов Абдолла Сафиұлы  
Анохин Николай Павлович  
Бақтыбаев Үрімтемі  
Бентеміров Омар Шәріпұлы  
Белкозова Валентина Александровна  
Васильева Зинаида Николаевна  
Гнедых Евдокия Акимовна  
Горва Рашида Абдоллақызы  
Горинава Александра Петровна  
Долгих Анна Романовна  
Еньшин Иван Иванович  
Ермолин Иван Владимирович  
Захарова Анна Ивановна  
Зиборов Иван Григорьевич  
Зудина Тамара Николаевна  
Иван Василий Никитович  
Игишева Ульяна Васильевна  
Исеев Шаукат Галымұлы  
Каплан Цилия Ароновна  
Киптев Иван Семенович  
Кисилев Григорий Петрович  
Коклягина Анна Давыдовна  
Конин Андрей Андреевич  
Кравченко Анна Васильевна  
Кузнецов Павел Александрович  
Куницкий Иван Казимирович  
Леснова Клавдия Георгиевна  
Лоскутова Наталья Прохоровна  
Ляльнова Анна Кузьминична  
Лушикова Анфиса Дмитриевна  
Ляшенко Марфа Денисовна  
Марочкина Елена Егоровна  
Мельникова Евдокия Николаевна  
Моисеева Аграфена Ефимовна  
Морозова Мария Федоровна  
Мустаева Фатима Мұхамешәріпқызы  
Мотусова Зоя Степановна  
Назырса Галия Абдоллақызы  
Недоспасов Василий Филиппович  
Осетров Александр Иванович  
Пакетова Мария Сергеевна  
Петухов Иван Федорович  
Поправкин Николай Федорович  
Пустовалов Аркадий Павлович  
Решетников Ефим Федорович  
Романенко Иван Александрович  
Рябов Константин Николаевич

Ноячанова Клавдия Ивановна  
Кошнарса Клара Георгиевна  
Моносова Анастасия Павловна  
Монастырская Мария Алексеевна  
Матыйрий Андрей Владимирович  
Мельниченко Александра Захаровна  
Никишинова Ольга Григорьевна  
Нуржанов Зияда  
Новиков Николай Игнатьевич  
Навалов Иван Иванович  
Несверо Лидия Григорьевна  
Никандров Василий Никандрович  
Омельченко Валентина Семеновна  
Поляков Михаил Никифорович  
Попова Екатерина Наумовна  
Пятанова Наталья Владимировна  
Павлухин Павел Парфирьевич  
Плотников Иван Степанович  
Псоловшева Любовь Георгиевна  
Полынская Раиса Павловна  
Петрушин Никифор Игнатьевич  
Перекидайлова Фекла Григорьевна  
Ряхова Галина Михайловна  
Солдаткина Таисия Степановна  
Семенов Иван Александрович  
Саврасова Анастасия Андреевна  
Седойкина Василиса Ивановна  
Сураев Павел Акимович  
Старцев Сергей Михайлович  
Темнова Зоя Александровна  
Спекторенко Мария Федоровна  
Трофимова Мария Филипповна  
Тукало Николай Леонтьевич  
Фролков Архип Варлаамович  
Храмцов Василий Яковлевич  
Харченко Алексей Сергеевич  
Харченко Василий Макарович  
Хоменко Григорий Петрович  
Шкуратова Зоя Ивановна  
Яровая Ольга Ивановна  
Яковлев Федор Ефстафьевич  
Яценко Валентина Максимовна.

## ТӨРТІНШІ УЧАСТОК БОЙЫНША:

Халық судьясы **Груднистая Лидия Андреевна.**  
Халық заседательдері:  
Алехина Валентина Арефьевна  
Әбдіхалықов Әліп  
Ашанина Татьяна Васильевна  
Алешкина Александра Ивановна  
Ануфриев Семен Игнатьевич  
Балашов Николай Георгиевич  
Безбородов Николай Романович  
Боброва Татьяна Илларионовна  
Борнов Георгий Евгеньевич  
Борисенко Мария Егоровна  
Барышников Николай Егорович  
Белокурова Мария Михайловна  
Большедворов Михаил Яковлевич  
Гришин Максим Ефимович  
Герасимов Тимофей Тимофеевич  
Гора Иван Васильевич  
Гончикова Анна Ивановна  
Васильева Ксения Николаевна  
Вострикова Елена Ефимовна  
Воронова Мария Максимовна  
Демина Елизавета Александровна  
Дәрібаев Ескендір  
Дабысқалиева Мария Дабысқалиқызы  
Денисова Матрена Егоровна

Белик Наталья Яковлевна  
Бынова Александра Ильинична  
Бучельникса Александра Ефимовна  
Басюк Надежда Тимофеевна  
Бичурин Семен Осипович  
Белова Пелагея Никитична  
Владимиров Иван Георгиевич  
Гуллева Надежда Ивановна  
Горбатовская Нина Борисовна  
Грамастикова Анна Федоровна  
Грачев Алексей Иванович  
Гатнер Ефим Львович  
Дедусько Анисим Алексеевич  
Диденко Федор Михайлович  
Журавлев Василий Епифанович  
Желнебаев Нурғали  
Злобинский Давид Борисович  
Иванов Семен Тимофеевич  
Измаилова Галия Шангарейқызы  
Короткова Нина Филипповна  
Казаченко Яков Леонтьевич  
Кадыров Зариф Нағимұлы  
Каблуков Дмитрий Васильевич  
Киселев Геннадий Иванович  
Кондратов Николай Яковлевич  
Козлова Екатерина Федоровна  
Кондрашин Виктор Тарасович  
Ким Павел Михайлович  
Канская Людмила Захаровна  
Иоцарева Евгения Филипповна  
Литвиненко Вера Киприловна  
Лаптев Спиридон Филиппович  
Ленденгольц Рафаил Израилевич  
Лапушинский Герасим Андреевич  
Луин Егор Иванович  
Ларьина Августа Михайловна  
Лесняк Рафаил Фомич.  
Митрофанов Василий Федорович  
Макарова Зинаида Харитоновна  
Мошечков Иван Степанович  
Митюра Александр Александрович  
Муратова Әсия Софиқызы  
Малышкина Татьяна Григорьевна  
Медведева Александра Ивановна  
Несветова Валентина Николаевна  
Нәшірбаев Тілеубай  
Николаева Надежда Яковлевна  
Назарьевская Людмила Дмитриевна  
Омельченко Раиса Антоновна  
Паршакова Лидия Павловна  
Попова Прасковья Васильевна  
Пудовикова Прасковья Илларионовна  
Ростовщиков Василий Федорович  
Резинкин Иван Трофимович  
Рябова Клавдия Даниловна  
Рыгалов Анатолий Иванович  
Раздорский Михаил Иванович  
Родичев Павел Иванович  
Симагутина Валентина Петровна  
Смечкина Елена Михайловна  
Сажина Анна Филипповна  
Тайболатова Кудобу Мұқажанқызы  
Титенко Павел Васильевич  
Тарасова Нина Афанасьевна  
Угланов Василий Митрофанович  
Фрумкина Александра Дмитриевна  
Хсвайко Анна Александровна  
Чичаев Николай Егорович  
Шарин Денис Осипович  
Шеріпова Әлфия Хайроллақызы

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Советі  
атқомі председателинің орынбасары **Т. КОВАЛЕНКО.**  
Еңбекшілер депутаттарының қалалық Советі  
атқомінің секретары **Ю. ПЛОТНИКОВА.**



# Мұғалімдердің январь кеңестері

Партияның XIX съезінің қарарлары оқу-тәрбие жұмысын онан әрі жақсарту берудің нақтылы жолдарын белгілеп берді. Мұның өзі мектептердегі сабақ беру және тәрбие жұмыстарын қайта қарап, оны жаңа талаптарға сай ұйымдастыруға мүмкіндік беруде.

Партия алға қойған халық ағарту саласындағы келелі міндеттердің облыс мектептерінде жүзеге асырылуы, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы қол жеткен кейбір табыстар және кемшіліктер, оны жоюдың шараларын белгілеу — январь кеңесінің талқылайтын өзекті мәселесі болуға тиіс.

Мұғалімдердің август кеңесінде оқу-тәрбие жұмысын жақсарту және мектептердің жаңа оқу жоспарлары мен жаңа программалары бойынша сабақ өткізуге әзірліктері қаралған болатын. Август кеңестері кейбір аудандарда әзірліксіз өтті. Соның салдарынан кейбір аудандарда жеке-жеке мұғалімдер толық қатыспады, оқу-тәрбие жұмысындағы жаңа оқу жоспары мен жаңа программалар бойынша сабақ өткізуге әзірліктегі елеулі кемшіліктер өткір сыңға алынбады. Мәселен Полудень ауданы мұғалімдерінің август кеңесі ешбір әзірліксіз басталғандықтан оның жұмысына мұғалімдер белсене қатыспады. Өткен оқу жылында орын алған кемшіліктердің беті ашылып, оны жоюдың нақтылы шаралары белгіленбеді.

Аудан мектептерінде бұрынғы кемшіліктер быйыл да қайталануда. Бірқатар мектептерде күні осы уақытқа дейін мастерскойлар ұйымдастырылған жоқ, кейбір оқытушылар жаңа программаның ерекшеліктерін жете түсінбейді. Мұның бәрі аудан мектептерінде оқу-тәрбие жұмысы мен сабақ үлгісінің тым төмендеп кетуіне әкеп соқты.

Август кеңесіндегі кемшіліктер январь кеңесінде де қайталанбау үшін аудандық оқу бөлімдері кеңестің толық әзірлікпен басталуын, оның идеялық жоғары дәрежеде өтуін қамтамасыз етуге тиіс. Кеңесті дайындауға, оны өткізуге партия, совет және комсомол ұйымдары да белсене араласуы қажет.

Январь кеңестерінде аудандық және қалалық оқу бөлімдері меңгерушілерінің бірінші жартыжылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы және оны жақсарту шаралары жөнінде баяндамалары тыңдалады. Баяндамаларда өткен жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарына терең талдау жасалып, онда халық ағарту жұмысындағы кемшіліктер өткір сыңға алынуы керек. Кеңесте сөз сөйлеген оқытушылар халық ағарту орындарының жұмысындағы кемшіліктерді бағыт сынай отырып, өз мектебіндегі, немесе өзінің сабақ беру әдісіндегі үлгілі істерді алға сабып, оны көпшілік игілігіне айналдыратын болса, сөз жоқ ол мектептердің оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуға едәуір әсер етеді.

Үстіміздегі оқу жылында политехникалық оқуды жүргізу өткен жылдармен салыстырғанда нәдәуір жақсарды. Бұған мысал ретінде Ленин ауданындағы Пет-

жұмысын өткен жылдардағыдай да босаңсығып алды. Соның салдарынан аталған мектептерде оқушылардың сабақ үлгісі төмендеп кетті.

Январь кеңесіне қатысушылар жоғарыда аталған мәселелерді кеңінен талқылау арқылы облысымыздың алдыңғы қатарлы мектептерінің жұмыс тәжірибелерін қорытындылап, оның басқа мектептерде де кеңінен қолданылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Мектептер коллективтерінің басты міндеттерінің бірі — жастарымызға саналы тәрбие беру. Январь кеңестерінде бұл маңызды мәселеге жете мән беріліп, оны жан-жақты талқылау қажет. Тәрбие мәселесін талқылағанда балаларды семьяда тәрбиелеудің зор маңызы бар екендігін ұмыт қалдыруға болмайды.

Мұғалімдер кеңесінің соңында секциялық жұмыстар өткізіледі. Бастауыш мектеп оқытушылары мен жеке пәндер секцияларында әрбір пән бойынша сабақ берудің жайы талқыланады. Аудандық және қалалық оқу бөлімдері секциялары талқыланатын баяндамалар мен қосымша баяндамаларды алдын-ала қарап, оны оқу-тәрбие жұмыстарындағы ең түйінді мәселелерді қамтуын және оқытушылардың жұмысына белгілі бір дәрежеде пайдалы әсерін тигізетін болуына баса көңіл бөлуі қажет. Секцияларда әрбір клас және жеке пәндер бойынша оқу материалдарына жоспар жасағанда жаңа оқу жоспары мен жаңа программалардағы өзгерістерді негізге алуы керек.

I-IV-класс оқытушылары үшін қол еңбектері сабағы жөнінде өткізудің практикалық, ал, физика, химия, биология пәндерінің оқытушылары үшін өкілші жаратылыстың оқу программаларында көрсетілген практикалық және лабораториялық жұмыстарын жүргізуді шәраететін семинар-практикумдар өткізіледі. Семинар-практикумдар негізінен аудан орталығындағы мектептерде өтеді. Сондықтан да бұл мектептер және секция басқарушылары, семинар өткізетін мұғалімдер бұған тынақты әзірленіп, оның жоғары сапада өткізілуіне жеткізуге тиіс.

Аға пионер вожатыйлары мен мектептен тыс балалар жетекшілері қызметтерінің семинарларында пионер ұйымдарының оқушылардың тәртібі мен оқу үлгісін жақсартуда педагогикалық коллективке көмегі, алдыңғы қатарлы пионер ұйымдарының оқушыларының еңбекке қабілеттілігін арттырудағы тәжірибелер қаралады.

Сол сияқты, кеңестерде комсомол ұйымдарының жұмыстарына да жете көңіл бөлінуі қажет. Өйткені комсомол ұйымдары ынтымағы жарасқан оқушылар коллективін ұйымдастыруда педагогикалық коллективтің сенімді көмекшілері болып табылады. Кеңес күндерінде барлық аудандарда және қалалар мектептерінде тәжірибе ауыстыру көрмесі ұйымдастырылады. Бұл көрмесер мектептерде педагогикалық оқудың барысын, оқушылардың творчестволық еңбегін бейнелейді және жекелеген мектептердегі табыста-

## ГЕРМАН- СОВЕТ ДОСТЫҒЫ АЙЛЫҒЫН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ИНИЦИАТИВАЛЫ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖЛІСІ

БЕРЛИН, 18 декабрь. (СОТА). Кеше Берлинде Герман- Совет достығы айлығын өткізу жөніндегі инициативалы комитеттің қорытынды мәжілісі болды. Мәжілісте ГДР халық палатасының председатели Иоганнес Дикман (комитеттің председатели), ГДР-дің премьер- министрі Отто Гротеволь, ГДР халық палатасы председателинің орынбасары Эрнест Гольдбаум және басқалары болды.

Герман- Совет достығы қоғамының бас секретары Готфрид Грюнберг үстіміздегі жылы өткізілген Герман- Совет достығы айлығының нәтижесі туралы баяндама жасады.

## ҚЫТАЙДЫҢ ЮЙМЫҢ МҰНАЙ КӘСІПШІЛІК ОРИНДАРЫНДА

ПЕКИН, 18 декабрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды: Солтүстік-Батыс Қытайдағы Юймьнь мұнай кәсіпшілік орындарында мұнай шығару үстіміздегі жылы 1949 жылмен салыстырғанда бес есе арттырылды.

Қытайдың мұндай ірі мұнай орталығында Совет Одағының, Румынияның, Чехословакия мен Герман Демократиялық Республикасы мамандарының көмегімен қайтадан жабдықтау жұмысы кең көлемде жүргізілуде.

Мұнай шығатын орындардың жаңадан ашылуы нәтижесінде барлау жүргізілген мұнай запасы екі есе өсті. Өткен бес жыл ішінде бұрғыланған мұнай скважиналарының жалпы тереңдігі, азат етілместен бұрынғы өткіргі жыл бойына бұрғыланған скважиналардың жалпы тереңдігінен төрт есе асып түседі.

Мұнай айыратын заводтар ұлғайтылуда. 1949 жылмен салыстырғанда көз бензин өндіру 3,4 есе, ал керосин өндіру 4,5 есе арттырылды. Мұнай айыратын заводтар май, парафин мен парафин өндіруді меңгерді. Бұлар азаттық алғанға дейін өндірілмейтін еді.

## ҚЫТАЙ МАҚТАШЫЛАРЫНЫҢ ТАБЫСТАРЫ

Қытайдың мақта өсіретін аудандарының ішіндегі ең маңыздыларының бірі Хэбэй провинциясында мақтаның жоғары сапалы сорты өсіріледі. Провинция ерте Қытайда жыйналатын барлық мақтаның төрттен бір бөлегін береді. Хэбэй мақтасы Шанхайдың, Тяньцзиньнің, Мукденнің, Кантоның, Чунциннің және басқа қалалардың тоқыма фабрикаларына жіберіледі. 10 провинция мен 21 қала Хэбэй мақташылары өндірген өнімді тұтынады. Хэбэй провинциясында мақта өсіріліп жатқан аймақтың жалпы 1952 жылмен салыстырғанда 30 процентке өсті. Ноябрьдің ортасына дейін мемлекеттік дайындау ұйымдарына 114 миллион циньнен аса (бір цинь 0,5 килограмма тең) шикі мақта тапсырылды.

Провинцияның өзінде де тоқыма өнеркәсібі ұлғаюда: Шицзяч-жуан мен Хань-ланде жаңа фабрикалар салынды.

## Чжоу Энъ-лай мен Хаммаршельдтің арасында телеграммалар алысу

ПЕКИН, 17 декабрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі мынаны х барлайды:

17 декабрьде Мемлекеттік Советтің премьері және Қытай Халық Республикасының сыртқы істер министрі Чжоу Энъ-лай БҰҰ-ның бас секретары Хаммаршельдке телеграмма жолдады, телеграммада Чжоу Энъ-лай Хаммаршельдті қабылдауға және онымен бірге Пекинде тиісті мәселелерді талқылауға келісетіндігін айтқан. Чжоу Энъ-лайдың Хаммаршельдке жолдаған телеграммасында былай делінген:

«Сіздің өзіңіздің Қытайда болғыңыз келетінін білдірген 1954 жылғы 10 декабрьдегі телеграммаңызды алғандығымызды хабарлаймын.

Сіздің телеграммаңызда аталынып өткен американдық шпиондар жөніндегі іске қотталатын болсақ, біздің позициямыз Сізге мен жолдаған басқа телеграммада айтылған болатын.

Бейбітшілік мүддесі мен халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге Сізбенен тиісті мәселелерді талқылау үшін, мен Сізді біздің астанамыз—Пекинде қабылдауға дайынмын.

Біз Сізді Қытайда құттықтасақ қуанышты болған болар едік. Өзіңіздің келетін күніңізді белгілеңіз де, өзіңіздің шешімсіз туралы бізге хабарлауыңызды өтінеміз».

Бұдан әрі Синьхуа агенттігі БҰҰ-ның Бас Секретары Хаммаршельдтің 1954 жылғы 10 декабрьде Чжоу Энъ-лайға жолдаған телеграммасының толық көшірмесін өзіңіздің Хаммаршельдтің телеграммасында мынау айтылады: бір топ американдық шпиондардың ісі бойынша Қытай соты шығарған үкім туралы мәселе жөнінде Біржәкен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының талпыруына байланысты, ол Пекинде болуды қалар еді.

## Американ шпиондарын зыянсыздандыру—қытай халқының тән правосы

ПЕКИН, 18 декабрь. (СОТА). Тяньцзиньнің «Дагуңбао» газеті басмақаласында АҚШ-тың агрессиялық топтары Қытай Халық Республикасын қорқыту мен босалау үшін БҰҰ-ны тағы да пайдаланып отыр деп жазады.

Құрама Штаттардың Қытайға шпиондар мен диверсанттарды жіберуінің, деп атап көрсетеді газет, көптен бері ешқандай жасырын сыры жоқ. Мысалы, 1951 жылдан 1954 жылға дейін ҚХР-дың қоғамдық қауіпсіздік органдары американдық және чанкайшилік 230-ға тарта шпиондарды ұстады және жойды. Кезір АҚШ-тың агрессиялық топтары ҚХР-ге қарсы жүргізілген шпиондық және арандатушылық әрекеттерге өзінің қатысы барлығын жасыруға тырысып отыр. Қытай Халық Республикасы үшін өшпенділік пікір туғызуға тырысын Құрама Штаттары американдық шпиондар туралы мәселе жөнінде БҰҰ-ға «шағым» жолдады.

## Француз халқын алдау әрекеттері әшкереленді

БУХАРЕСТ, 17 декабрь. (СОТА). Бухаресттің барлық газеттері бүгін Совет үкметінің Франция үкметіне нотасын жариялап, онан басмақалалар мен редакциялық мақалалар арнаған. Газеттер советтік бұл нотасын герман милитаризмінің тудырылуына қарсы күресте маңызды фактор болып табылатын, ерекше маңызы бар документ деп бағалауда.

Францияның билеуші топтарының Париж келісімдерін бекіту Француз-Совет договорына ешқауытқа да қайшы келмейді деген пікір туғызу мақсатымен жасалп отырған маневрлеріне, бұл маневрді бұл топтардың Батыс Германияны репрессиялауындағы өздерінің саясатын бұр-

АҚШ-тың қысым жасауымен БҰҰ қабылдаған заңсыз қарар: басқа да бір мақсатты, атап айтқанда, БҰҰ-дағы ҚХР-дің правосын қашына келтіруге бұрынғыдай жедегі жасау мақсатын көздеп отыр.

Қытай халқының, деген бұдан әрі газет, американдық шпиондардың қылмысты әрекеттері жөнінде дақтылы дәлелдемелері бар және қандай ғана болмасын ойдан шығарылған өтірік пен жала фактіні жекке шығара алмайды. Қытай халқының американдық шпиондарды ұстауға және айыптауға толық правосы бар. Біз бұрын да осылай істедік, алдағы уақытта да осылай істейміз. Бұл — өз Отанының қауіпсіздігін қорғап тұрған қытай халқының қасиетті борышы. Бұл Қытайдың ішкі ісі, оған ешкімнің де, соның ішінде БҰҰ-ның да араласуға правосы жоқ.

## БИРМАНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ У НУДЫҢ ПЕКИННЕН ЕЛІНЕ ЖҮРІП А КЕТУІ

ПЕКИН, (СОТА). ҚХР үкметінің шақыруымен Қытайға келген Бирманың премьер-министрі У Нуды бүгін Пекинден еліне жүріп кетті.

Пекин аэродромында У Нуды премьер Чжоу Энъ-лай премьердің орынбасарлары Чэнь Юнь, Пын Дэн Сю-нин, Дэн Цзы-хуэй және Хэ Луи, халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысының тұрақты комитеті председателинің орынбасарлары Ли Цзи-шэнь, Го Мо-жо, Хуан Янь-пэй және Чэнь Шу-тун, сыртқы істер министрінің орынбасары Чжан Хань-фу, ҚХР-дың қоғамдық ұйымдарының өкілдері шығарып салды. Бирманың премьер-министрі У Нуды мұнымен қатар СССР-нің ҚХР-дағы елшісі П. Ф. Юдин және Пекиндегі елшіліктер мен миссиялардың басшылары мен қызметкерлері шығарып салды.

Аэродромда құрметті қарауыл қойылды және Бирма Одағы мен ҚХР-дың мемлекеттік гимндері орындалды.

Пекин аэродромында У Нуды баспасөзге арнап мәлімдеме тапсырды, онда меймандостық үшін алғыс білдірген.

Биомаға қайтқан жолында У Нуды Шығыс Орталық—Оңтүстік Қытайда болады.

## ҚЫТАЙ АРМИЯСЫ АНСАМБЛІНІҢ МОСКВАҒА КЕЛУІ

Чехословакияда, Румынияда, Польшада және Совет Одағының қалалары—Минскіде, Киевте, Харьковте, Ленинградта өнер көрсеткеннен кейін Қытай Халық-Азаттық Армиясының ән және би ансамблі 11 декабрьде Москваға келді.

Қытайдың Халық-Азаттық Армиясының ән және би ансамблі астанада бірнеше концерт береді. (СОТА).

## ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ 4-НШІ КОНГРЕСС

ДЕЛИ, (СОТА). Кеше Дехра-Дунда (Индия) орман шаруашылығы мәселелері жөніндегі халықаралық IV-ші конгресс ашылды. Конгрестің жұмысына 52 елдің оның ішінде Совет Одағының және Қытай Халық Республикасының өкілдері қатысуда. Конгресс 22 декабрьге дейін созылады және ормандарды қорғау, ағаш өнеркәсібінің өнімдерін пайдалану туралы, ормандардың өгін қорғау ролі туралы және басқа мәселелерді талқылайды.

## ОҢТҮСТІК КОРЕЯДА БАЛАПАРДЫҢ ҚАЙЫРШЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

ПХЕНЬЯН, 18 декабрь. (СОТА). Корейнің Орталық телеграф агенттігінің хабарлауына қарасаңда, Оңтүстік Корейнің «Минчжу Ильбо» газеті Пусандағы мектеп оқушыларының денсаулықтары туралы мәліметтерді жариялаған. Бұл мәліметтерге сөйкес, көптеп оқушыларының 20 процентінің омыртқаларының қый-сайғаны белгілі болды, оқушылардың 9 проценті дем алатын органдардың ауруынан азап шегуде, ал 70 проценті нашар көреді.

—Балалардың қайыршылық жағдайларының себебі — тамақтың нашарлығы.



Леванов жолдас) алуға болады. Бұл мектепте политехникалық оқу мен төменгі кластардағы қол еңбегі сабақтары жақсы жолға қойылған. Мектепте қолөнершілер мастерскойы, оқу-тәжірибе участогі бар. Оқушылар мастерскойы қажетті саймандармен қамтамасыз етілген. Қолөнер сабағын қарт педагог Семинихин жолдас өткізеді.

Оқу программаларында көрсетілген практикалық және лабораториялық жұмыстардың толық орындалуы оқушылардың теориялық материалдарды терең ұғынуына көп көмек көрсетуде. Сол сыяқты, Октябрь ауданындағы Қызылту жетіжылдық мектебі мен қаладағы Горький атындағы орта мектепте де политехникалық оқу көзгі талаптарға сай жүргізілуде.

Мектеп жұмысындағы елеулі жаңалықтың бірі ер балалар мен қыздарды бірге оқыту. Бұл әдіс өткен жарты жылдың ішінде оқушыларды жақсы қарым-қатынасқа, кіріспекеіз жолдасқа тәрбиелеуде жақсы нәтижелер көрсетті. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы бұрынғысынан да қызықты, мазмұнды бола бастады.

Дегенмен ер балалар мен қыздарды бірге оқытуға елеулі қиыншылықтар да кездесті. Қаладағы № 3, № 4 орта мектептердің коллективтері бұл қиыншылықтарды жеңіп, оқу-тәрбие жұмысын барынша жақсартудың орнына өздерінің

хаттайтын болады.

Секциялық жұмыстар аяқталғаннан кейін бастауыш мектептер меңгерушілері мен жетіжылдық орта мектептер директорларының және олардың оқу бөлімдер меңгерушілерінің кеңестері өткізіледі. Онда мектеп ішіндегі бақылау және басшылық жұмыстары талқыланады. Осыған байланысты мектеп директорлары өздерінің жұмыстарын қалай ұйымдастырып отырғандығы жөнінде өзара пікір алысып, тәжірибе ауыстырулары керек.

Мұғалімдердің январь кеңестері бірінші жартыжылдыққа қорытынды жасап, мектептер мен өрбір оқушының жұмысында үлкен маңызы бар мәселелерді шешеді. Халық ағарту қызметкерлерінің келешекте ойдағыдай жұмыс істеуіне белгілі дәрежеде әсер етіп, олардың мектептегі оқу-тәрбие жұмысын көзгі қойылып отырған талаптарға сай жүргізуіне көмектеседі.

Облысымыздың партия, совет және комсомол ұйымдары халық ағарту орындарының жұмысына бақылауды күшейтті. Оқу-тәрбие жұмысына баға берудің ең жауапты кезеңі — январь кеңесіне мектептердің үлгілі әзірленуін қамтамасыз етуі керек.

**Б. ФЕДЕНЕВ,**

**ҚКП облыстық комитетінің мектептер бөлімінің нұсқаушысы.**

## Хоккейден бірінші орын алу жарысы

Бәзир қаладағы ерікті спорт қоғамдары хоккей командаларының қала бойынша бірінші орын алу жарысы өткізілуде. Ойынға 6 команда қатысуда.

Хоккейшілер жарысы «Локомотив» стадионында алаң иелері мен «Нищевик» ерікті спорт қоғамы командасының кездесуімен басталды. Ойынның бірінші жартысы екі жақтың да қызу шабуыл жасауы жағдайында өтті, дегенмен қонақтардың басымдылығы айқын болды. Есепті бірінші болып қонақтар ашты, бірақ көп кешікпей-ақ алаң иелері доп өткізіп, есепті теңестірді. Сөйтіп қызықты ойынның бірінші жартысы 1:1 есебімен аяқталды.

Ойынның екінші жартысында қонақтар өздерінің шабуылын күшейтін алаң иелерінің қақпасына қатарынан екі доп өткізді. Алаң иелері ойынның тек 31 минутында ғана қарсы жақтың қақпасына доп өткізуге мүмкіншілік алды. Бұдан кейін ойын шиеленіскен жағдайда, көбінесе алаң иелерінің қақпасының алдында болды. Ойынның 39 минутында қонақтар тағы да бір доп өткізді. Есеп 4:2 болды. Теміржолшылар есепті теңестіруге қанша күш салғанмен олардың әрекеттері нәтижесіз болды. Ойын «Нищевик» командасының жеңісімен аяқталды.

«Динамо» стадионында «Нищевик» командасы мен «Динамо» командасы кездесті. Ойын қонақтардың күшті шабуылымен басталды, бірақ алғашқы қарқын ұзаққа созылмады. Ойынның екінші минутында инициатива динамошылар жағына ауысып, осы команданың ойыншысы Белоусов оң жақ шеттен допты дәл ұрып, қақ-

паға енгізді. Қонақтардың есепті теңестіруге үшін ұзақ уақыт шабуыл жасауына тура келді. Олар тек 36 минут өткеннен кейін ғана қақпаға доп енгізе алды. Ойынның бірінші жартысы аяқталғанға дейін екі жақта есепті олар әрі өсіре алмады. Ал ойынның екінші жартысында алаң иелері бірден шабуылға шықты, сөйтіп қонақтар қақпасына қатарынан екі доп өткізді. Есеп «Динамо» командасының пайдасына 3:1 болды. Динамошылар өздерінің алғашқы жеңістеріне масаттанып, бұдан кейінгі шабуылды әлсіретіп алды, сол сыяқты қорғаныстары да ұйымшылдықпен ойнамады. Соның салдарынан «Нищевик» командасы алаң иелерінің қақпасына тағы да үш доп енгізді. Ойын 4:3 есебімен нищевиктердің пайдасына шешілді.

«Локомотив» стадионында болған «Спартак» ерікті спорт қоғамы хоккейшілері мен теміржолшылардың кездесуі қызықсыз өтті. «Спартак» командасы ойынға алғашқы рет қатысады. Олардың ойын техникасын жете меңгермегендіктері байқалады. Ал қоғам басшылары команданы ойыншылармен түгел толықтырмаған. Соның салдарынан олар бұл кездесуде 30:1 есебімен үлкен жеңіске ұшырады.

Өткізілген алғашқы ойындар көпшілік командалардың әлі де болса дайындығы нашар екендігін көрсетеді. Сондықтан ерікті спорт қоғамдары өз командаларының жаттығуларын дұрыс ұйымдастырып, олардың шеберліктерін арттыруға көңіл бөлуге тиіс.

**В. ЕНИМОВ.**

**ПЕКИН, 18 декабрь. (СОТА).** Синьхуа агенттігі тілшісінің Чаншан хабарлауына қарағанда, 10 декабрьде Сяньниннің электр жабдықтарын жасайтын мемлекеттік заводи Қытайдағы алғашқы электр пешінің құрылысын табысты түрде аяқтады. Бұл пеш жоғары сапалы болатты балқытуға пайдаланылады.

### ҚХДР-дің 1955 жылға жасаған халықшаруашылық жоспары

**ПХЕНЬЯН, 18 декабрь. (СОТА).** «Нодон Синьун» газеті «ҚХДР-дің 1955 жылға жасаған халықшаруашылық жоспары» деген тақырыптан редакциялық мақала жариялаған. Мақалада былай делінген: ҚХДР министрлер кабинеті жуық арада бекіткен халықшаруашылығын өркендетудің 1955 жылғы жоспарында өндірісті 1949 жылғы дәрежемен салыстырғанда 159,5 процентке арттыру қарастырылған.

Жоспар бойынша капитал қорының жалпы көлемі 1955 жылы 1954 жылғы дәрежеден 34 процент арттырылады. Бұл қаражаттар өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, мәдениетті өркендетуге, сол сыяқты еңбекшілердің тұрмыс жағдайларын жақсартуға жұмсалады.

### ҚХДР-де жеңіл өнеркәсіптің дамытылуы

**ПХЕНЬЯН, 18 декабрь. (СОТА).** Кореяның Орталық телеграф агенттігінің хабар етуіне қарағанда, ҚХДР жеңіл өнеркәсібі қаспояндарының жұмысшылары жылдық өндірістің жоспарларды мерзімінен бұрын орындауда.

10 декабрьде өздерінің жылдық жоспарларын 48 фабрикалар мен қаспояндары мерзімінен бұрын орындады.

Өткен жылғы сол мерзіммен салыстырғанда жібек өнеркәсібі қаспояндарында өнім шығару январьдан ноябрьге дейін үш есеге дейін арттырылды. Режина аяқ киімдерін өндіру көзгірдің өзінде соғыстан бұрынғы дәрежесіне жеткізілді, ал тері бұйымдарын шығару 1949 жылғымен салыстырғанда 2,7 есе арттырылды.

### ЖАПОН ХАЛҚЫ ЖАППАЙ ҚЫРЫП-ЖОЯТЫН ҚАРУЛАРҒА ТЫЙЫМ САЛУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

**ПЕКИН, 18 декабрь. (СОТА).** Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды: Токиодан берілген хабарға сәйкес 16 декабрьге атом және су тегі қаруларына тыйым салу жөніндегі талапқа жалпы саны 20.080 мың жапондықтар, яғни жапон жұртшылығының төрттен бірі қол қойған.

Атом және су тегі қаруларына тыйым салу туралы талапқа қол қойдыру жөніндегі ұлттық совет ақпараттық бюросының басшысы Каору Ясуи жапон халқының тілегіне сәйкес алдағы жылы атом және су тегі қаруларына тыйым салу туралы мәселе жөнінде конференция шақыру үшін кампаниялар жеңінен жүргізілетін болады.

ра тырысып отырғандығына тоқтала келіп, «Скынтейя» газеті былай деп жазады: Совет нотасы француз халқын алғашқы мақ болған бұл әрекеттерді әшкерелейді. Герман милитаризмін қалпына келтіруге

## Саар мәселесі жөнінде француз-герман алауыздығы

**ПАРИЖ, 18 декабрь. (СОТА).** Бұрыннан белгілі болғанындай, Саар мәселесі француз ұлттық жыйналысының Париж келісімдерін бекіту жолындағы қиындықтардың бірі болып табылады.

Париж баспасөзі Аденәуэр мен Мендес-Франс үкметінің Саар жөніндегі келісім жайында өздерінің парламенттеріне тапсырған түсінік хаттардың арасында айқын қарама-қарсылық бар екендігін көрсетеді. Аденәуэрдің түсінік хатында келтірілген дәлелді Париж топтарының пікірі бойынша, Саар жөніндегі француз-герман келісіміне ашық қарсы шығады деп Парижде наразылық туып отырған уақытта, Аденәуэр өз тарапынан француз үкметінің келтіріп отырған дәлелін «келісім отырған екі жақтың жалпы ниеті мен мақсатына сай келмейді» дегенді айтады. Ол-олма, Аденәуэр «ашықтан-ашық болып

ду үшін өздерінің қорғанысмаздығын күшейтін отырған басқа да бейбітшілік сүйіпші халықтар сыяқты румын халқының да айыптауы мен бірауыздылық батылдығын көрсетеді.

отырған келіспеушілікті тез және тиімді анықтау үшін төрт мемлекеттің (Франция, АҚШ, Англия мен Батыс Германия) кеңесін өткізуді ұсынуға дейін барған. Батыс Германия мен Францияның арасындағы мұндай қатты қайшылықты Париждің оңшыл газеттері Саар мәселесі жөніндегі келісімнің «мәнісін анықтаудағы алауыздық» деп атаған. Дегенмен, «Монд» газеті былай деп жазады: «Канцлер Аденәуэрдың мәлімдемесінен Саар мәселесі 23 октябрьдегі Париж келісімдерінде шын мәнінде шешілмеген және бұл келісімдер өздеген мақсатына жете алмаған» деген қорытынды шығаруға тура келеді. «Монд» Саар мәселесі жөніндегі француз-герман қайшылығы «ұлттық жыйналыста Париж келісімдерін бекіту жөніндегі айтыс сөздердің барысына әсерін тигізеді» деген қауіп білдіреді.

## Финляндиядағы жағдай

**ХЕЛЬСИНГИЙ, 18 декабрь. (СОТА).** Финнің телеграф бюросы былай деп хабарлайды: премьер-министр Кекконен кеше республиканың президенті Паасики виде болып, оған үкметтің орнынан түсетіндігі жөнінде мәлімдеме тапсырған.

Мәлімдемеді үкметтің экономикалық тотанше полномочиелігі туралы заңның 1955 жылдың басынан бастап күшіне кіруіне Сейм ашылығының көдергі жа-председателі Фагерхольм болды.

## ВАШИНГТОН ҚАРУЛАНДЫРУ ЖОСПАРЫНА БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ ОППОЗИЦИЯ ЖӨНІНДЕ ТЫНЫШСЫЗДАНУДА

**НЬЮ-ЙОРК, 17 декабрь. (СОТА).** Юнайтэд Пресс тілшісінің Вашингтоннан берген хабарынан белгілі болғанындай, Еуропада барған сапарынан жуық арада ғана қайтып келген өкідер палатасының мүшесі Кэтрин Сент-Джордж өзін тілші мен әңгімесінде Батыс Германия жұртшылығының арасында елді қаруландыру

сауымен байланысты және осыдан туатын жағдай үшін үкметтің жауапкершілікті өзіне алмауымен байланысты, үкмет өз полномочиелігін қайтып алады деп көрсетілген. Президент мәлімдемені қабылдап өзінің Сейм фракциясының өкілдермен келіссөздер жүргізгеннен кейін жауап беретіндігін айтты.

Кеше республика президентінде Сеймнің

## АМЕРИКАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ АРАНДАТУШЫЛЫҚ МАНЕВРІ Қытай жағалауында

**ПЕКИН, 15 декабрь. (СОТА).** Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды: соңғы екі апта бойы АҚШ-тың соғыс-теңіз және соғыс-әуе күштері Шығыс-Қытай теңізінде ірі соғыс маневрін өткізген, ал американдық жетінші флоттың самолеттері Қытайдың әуе кеңістігіне бірнеше рет басып кірген.

Маневрлерге авианостар, крейсерлер мен эсминецтер сонымен бірге Окинава аралына, Жапония мен Кореяға орналас-тырылған Американың соғыс-әуе күштерінің самолеттері кіргізілген американдық жетінші флоттың негізгі күштері қатысқан.

Бұл жерде АҚШ-тың соғыс-теңіз және соғыс-әуе күштерінің Қытайға жақын сулардағы ірі маневрлері мен американдық самолеттерінің Қытайдың әуе кеңістігіне соқтығуы, АҚШ пен Чан Кай-шидің сарқын тобының арасында «өзара қауіпсіздік туралы договор» деп аталатынға кәл қойылғаннан кейін іле-шала басталғаны аталынып көрсетілген. Маневрлер американдық күштерін әдейі көрсету болды. Бұл «өзара қауіпсіздік туралы договордың» агрессиялық сыпатын тағы да дәлелдейді.

мен нашар жағдайда сабақ оқуында, — деп жағалы газет — Пусан оқушыларының көпшілігі қараңғы қойма үйлеріне немесе сабақ оқуға мүлдем бейімделмеген үйлерде сабақ оқиды, өйткені, қаладағы мектептер көгізінен алғанда әскери қазармаға айналдырылған.

## ЕГИПЕТТЕ ПРОГРЕССИВ ҚАИРАТКЕРЛЕРДІ ТҮТҚЫНДАУ

**ПАРИЖ, 18 декабрь. (СОТА).** Франс Пресс агенттігінің Каирдан берген хабары бойынша, полиция коммунистік ұйымдарға қатысы бар деген айыппен бірнеше адамды тұтқында алған.

Тұтқындалғандардың ішінде екі адвокат, бір журналист және бір қызметші бар.

**Редактордың орыбасары  
Г. НҰРМОЛДИН.**

## Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ЗАПАСТАҒЫ ОЙЫНШЫ»

Сеанстар сағат 3-20, 5, 6-40, 8-20 және 10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ИНЕЛІК»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30 да басталады.

Петропавлдың орталық телеграфы және қаладағы барлық байланыс бөлімшелері алдын-ала жаңа жылмен құттықтаған телеграммалар қабылдай бастады. Мұндай телеграммалар телеграмма берушінің өзі көрсеткен мерзімінде табыс етіледі. Ол үшін телеграмма беруші адрестің алдынан телеграмманы тапсыру мерзімін, мәселен, «31 декабрьде немесе 1 январьда тапсырылсын» деп көрсету керек.

Телеграмманы тапсыру мерзімі көрсетіліп жазылған сөздер үшін ақы алынбайды.

**Азаматтар!**  
Өздеріңіздің туысқандарыңызды, достарыңыз бен таныстарыңызды жаңа жылмен құттықтап, алдын-ала телеграммалар беріп қойыңыздар.

Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 107-үйдің 20 бөлмесінде тұрушы Рива Яковлевна Штеренберг, шет елдерде тұрушы Шулум Ильич Штеренбергтен айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 4-ші участоттік халық сотында қаралады.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор бөлімдері — 2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады

УШ 02919

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.